




АЙ ҚҰЙЫН апта

www.facebook.com/aikyn.kz
www.twitter.com/aikyn_gazeti



АЛМАТЫ – ЖАСТАР ҚАЛАСЫ



Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек халық алдында кезекті есеп беру шарасын өткізді. Халық көп жиналған жиын барысында өткен жылдың негізгі экономикалық көрсеткіштеріне қорытынды жасалып, 2018 жылғы қаланың әлеуметтік- экономикалық даму жоспары айтылды. Ел экономикасының ¼ бөлігін құрайтын Алматыда тәуелсіздік жылдары тұрғын үй қоры – 2 есе, жеке көліктер саны 10 есе артқан.

Динара ТІЛЕУБЕК

Қала әкімі тұрғындардың азаматтық белсенділігі мен әкімшіліктің әлеуметтік желі арқылы халықпен ашық қарым-қатынас орнатуының оң нәтиже бергендігін де атап өтті. Мәселен, Игілік Қантарбаева, Алексей Щеглов, Асқар Төлеев жергілікті биліктің назарын заңсыз отау, люктердің жоқтығы сияқты мәселелерге аударса, Думан Қапасов есімді азаматтың көмегімен Брусиловский көшесіндегі жазғы дәмхананың орны босатылған. Елена Лысенко жерасты жолдарындағы жарықтандыруды қалпына келтіруге үлес қосса, Сәкен Жүсіпбеков деген азамат 30 мәселенің шешілуіне себепкер болған. Қала әкімі белсенді тұрғындардың игі бастамаларына алғысын білдіріп, «Мүмкін кейбір органдардағы жұмысын атқара алмайтын адамдардың орнына Сәкен Жүсіпбековті жұмысқа қабылдау керек шығар? Оның жұмысы нәтижелі екені көрініп тұр» деді.

Қала тұрғындарын жыл басынан мазалаған «жол жүру бағасы қымбаттайды» деген қауесет те қала әкімінің назарынан тыс қалмады. Биыл жаңа автобус алған тасымалдаушыларға 15 млрд теңге көлемінде қаржы бөлінетінін айтқан қала басшысы берілген мемлекеттік қаржы есебінен 255 мың адам жеңілдікпен жүру

мүмкіндігіне ие болатынын хабарлады. «Қазір Алматыда автобус паркі 30 пайызға жаңарған. Бірақ кейбір тасымалдаушылар 80 теңгені аз көріп, 150 теңгеге көтеру керек деп жатыр. Олар жол ақысын көтермекші, бірақ тасымалдау сапасын арттыруға ниетті емес. Ондай тасымалдаушылармен жеке жұмыс жасаймыз. Сапаны көтермейінше, жолақы қымбаттамайды» деді әкім. Бауыржан Қыдырғалиұлы қоғамдық көлік тасымалдаушыларының «шығынға жұмыс жасап жатырмыз» деген сөзін жокқа шығарды. Бауыржан Байбек биыл 300 жаңа автобус сатып алуға бюджеттен 11 млрд теңге қарастырылғанын, ескі трамвайдың орнына жеңіл рельсті транспорт келетінін айтып, халықты қуантты. «Метро жолдары ұнғыланып жатыр. Халықтың 15 пайызы метромен қатынайды» деді ол. Алматыдағы көлік кептелісі мәселесін шешу мақсатында салынатын Үлкен Алматы айналма автожолының құрылысы биыл басталатыны белгілі болды. Әкімнің айтуынша, жаңа жол көше қозғалысы мәселесіне оң өзгеріс әкеліп қана қоймай, экологияға да пайдалы болады.

Алматы қаласы жастарының жұмыссыздығын ерекше атап өткен қала әкімі мәселенің шешілуі үшін қолға алынатын негізгі жұмыстарға кеңінен тоқталды.

– Қазір Алматы тұрғындарының шамамен жартысы – жастар. Олардың орта жасы – 33,5 жас. 200 мыңға жуық студент

білім алады. Мұның артықшылығымен қатар қиындығы да бар. Республика бойынша жастар жұмыссыздығының ең жоғары көрсеткіші – 6,5 пайыз. Бұл көрсеткіш Алматыға тиесілі. Қаланың жұмыспен қамту базасында 235 мың адамның әлеуметтік статусы өзгерді. Пәтерін жалға берген, жеке лей адам тасымалымен және бала оқытумен айналысып келген 22 мыңға жуық адам тіркеліп, салық төлей бастады. Бұрын ақшаны конверт арқылы алып келген 1,5 мыңға жуық жалдамалы жұмысшылар еңбек шартына отырып, әлеуметтік қамсыздандыру бағдарламасына енді. Сонымен қатар уақытша жұмыссыз 14500 тұрғын анықталып, тіркеуге алынды. Оларды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету керек.

Биыл Алматыда жылжымайтын мүлік арзандайтынын атап өткен Бауыржан Қыдырғалиұлы мемлекеттік бағдарлама аясында төмендетілген пайызбен тұрғын үй несиелерін тіркеу жалғасатынын жеткізді.

– «Алматы жастарын қолдау – 2020» жол картасы қабылданды. Былтыр 4 млрд теңге бөлінді. «Алматы жастары» бағдарламасы аясында алдын ала үй құнының 5 пайызын ғана төлеп, несие алуға мүмкіндік берілді. 6 мың адам өтініш білдірді. Балдық жүйемен 100 өтініш қабылданды. Сұраныстың көптігіне байланысты биыл да бұл бағдарлама жалғасын табады. Былтыр 1 млрд теңге бөлінсе, биыл 2 млрд теңге қарастырылған. Тегін баспана беру деген болмайды. Егер сізге пәтер керек болса, кезекке тұрыңыз, төмен жалақы алатыныңызды немесе мүгедектігіңізді дәлелдейтін құжат көрсетіңіз. Мәселен, «Нұрлы жер» бағдарламасы арқылы 15 жылға пайызсыз несиенен былтыр 5 мың отбасы пәтер алды, 175 жетімге пәтер берілді, – деді әкім.

НЕСИЕ АЛҒАНДА НЕНІ ЕСКЕРУ ҚАЖЕТ?

Бірінші кредиттік бюроның мәліметтеріне сүйенсек, 2017 жылы банктер 1,5 трлн теңгеге кепілсіз жедел-несие берген екен. Алдыңғы жылмен салыстырғанда бұл 400 млн теңгеге көп. Несиенің мұндай түрі банктердің кредиттік портфелін қамтамасыз етіп отырған драйвер деуге болады. Сарапшылар да соңғы кезде адамдардың санасын тұтынушылық көзқарас жаулап алғанын, соның әсерінен тұтынушылық несиенің халық арасында танымалдыққа ие болғанын айтуда. Мамандар мұндай тенденцияның мемлекет үшін де қауіпті екенін ескертіп келеді. Сондықтан Ұлттық банктің несие тұтынушыларына арналған кеңестерін ұсынбас бұрын, заңгердің займдар турасындағы пікірімен бөлісуді жөн санадық.

9»

ТАРАЗЫ

ВИЗАСЫЗ САПАР ШЕҒІҢІЗ...



Арнайы рұқсат алып, шетелге сапарлау оңайға түспейді. Консуллықтағы қызметкер виза алуға келген азаматтың басынан бақайшағына дейін тексеріп, барлық мәліметін сарапқа салады.

21»

МӘЖІЛІС



ЗАҢНАМАДА ӨТЕМАҚЫ ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ

Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулиннің төрағалығымен палатаның бюро отырысы өтті. Онда Мәжілістің келесі жалпы отырысы күн тәртібінің жобасы қалыптастырылды. Алдағы сәрсенбіде депутаттар сақтандыру мәселелеріне қатысты, сондай-ақ меншік құқығын қорғауды күшейту және төрелік мәселелері бойынша заңнамалық түзетулерді бірінші оқылымда қарайтын болады.

Ұлттық банк әзірлеген сақтандыру қызметіне қатысты жаңа заң жобасы сақтандыру қызметтерін ұсынушыларға деген жеке тұлғалардың сенімін арттыруға ықпал етіп, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетігін құруға бағытталған.

Қалаулылар бұдан бөлек, төрелік-арбитражды және жекеменшікті қорғауды күшейтуді қарастыратын жаңа заң жобасын да бірінші оқылымда талқыға салмақ. Жоба несиелік келісімшарт бойынша кредитор мен қарыз алушы мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз етуге, мемлекет мұқтаждықтары үшін алынатын мүлік құнына теңбе-тең көлемде

өтемақы төлеудің негіздерін бірегейлендіруге бағытталған. Сонымен бірге, мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету сияқты меншік құқықтарын қорғауды күшейту, дауды реттеудің балама тәсілі ретінде төрелік саласын реттейтін заңнаманы жетілдіру сияқты басқа да максаттарды көздейді.

Алдағы жалпы отырыстарында палата депутаттары 1992 жылғы 6 шілдедегі ТМД Экономикалық сотының мәртебесі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялауға байланысты заң жобасы бойынша бейінді комитеттің қорытынды әзірлеу мерзімін тағайындайды деп күтілуде.

ҮКІМЕТ



Үкімет үйінде Премьер-министр Бақытжан Сағынтаев Палата президенті, «КАТКО» ЖШС бас директоры Жерар Фриестің басшылық етуімен «Франция – Қазақстан» сауда-өнеркәсіптік палатасының өкілдерімен кездесіп, ынтымақтастықты дамыту келешегін талқылады.

ФРАНЦУЗДАР ҰНТЫМАҚТАСУҒА БЕЙІЛ

Кездесу барысында сауда және инвестициялар, энергетика және мұнай химиясы, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, туризм және басқа да салалардағы Қазақстан мен Франция қарым-қатынасын нығайту мәселелері қаралды.

2017 жылы Қазақстан мен Франция арасындағы тауар айналымы 3,39 млрд доллар құрады. Оның ішінде біздің өткізген экспорт – 2,86 млрд долларды, ал әкелген импорт 535 млн долларды құрады. Бұл көрсеткіш 2016 жылға қарағанда 38 пайызға

жоғары. Алдыңғы жылы 2,45 млрд доллар болған.

2005 жылдан бастап, 2017 жылдың I жартыжылдығына дейінгі аралықта Қазақстан экономикасына құйылған француз инвестицияларының көлемі 13,77 млрд долларды құрады.

Қазақстанда француз капиталының қатысуымен «Тоталь», «Арева», «Данон», «Викат», «Пежо», «Альстом» секілді және тағы да басқа 140-тан астам кәсіпорын табысты жұмыс істеп жатыр.

ЖҮЗДЕСУ

ЖАҢА ЕЛШІЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықова бірқатар шет мемлекеттердің елшілерінен сенім грамоталарын қабылдады. Бұл дипломатиялық миссия басшыларының барлығы өз мемлекетінің бір елдегі ғана емес, бірнеше елдегі елшісі лауазымын қоса атқарады.

Мемлекеттік хатшыға Филиппиннің Қазақстандағы елшісі міндетін қоса атқарушы Карлос Д.Соррета, Чад елшісі міндетін қоса атқарушы Мбатна Банджанг, Экватор елшісі міндетін қоса атқарушы Жулио Прадо Эспиноза, Экваторлық Гвинея Республикасының елшісі міндетін қоса атқарушы Хосе Эсоно Мича Акенг, Непал Федеративтік Демократиялық Республикасының елшісі міндетін қоса атқарушы Риши Рам Гхимире,

Аргентина елшісі міндетін қоса атқарушы Рикардо Эрнесто Лагорио, Мексика Құрама Штаттарының елшісі міндетін қоса атқарушы Бернардо Кордова Телло, Йеменнің еліміздегі елшісі міндетін қоса атқарушы Мохаммед Мотахар Алашаби сенім грамоталарын тапсырды.

Филиппин елшісімен әңгіме барысында Гүлшара Әбдіқалықова қазіргі кезде Қазақстан терроризмнен азат әлемге қол жеткізу үшін «Мінез-құлық кодексін» қабылдау жөніндегі Президент бастамасын ілгерілету жұмысын жүргізіп жатқанын айтты.

Мемлекеттік хатшы Чад елшісімен кездесуде Сахель бестік тобының қызметін терроризмнен күрес жүргізудің маңызды тетігі ретінде атап өтті.

Экваторлық Гвинея елшісімен кездесу барысында Гүлшара Әбдіқалықова бұл елдің БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің 2018-2019 жылдардағы тұрақты емес мүшесі болып

сайлануымен құттықтады. Мемлекеттік хатшы халықаралық терроризммен және зорлық-зомбылық сипатындағы экстремизммен күрес жүргізу басым бағыттың бірі екенін атап өтті.

Аргентина елшісімен кездесуде Г.Әбдіқалықова Буэнос-Айрес қаласының 2023 жылы ЕХРО көрмесін өткізу құқығын жеңіп алуымен құттықтады. Биылғы Жолдауда Мемлекет басшысы Қазақстанның Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында одан әрі дамуы жөніндегі міндеттерді айқындап берген еді. Осы орайда, Мемлекеттік хатшы инновациялар мен цифрлы технологиялар саласындағы ынтымақтастықты дамытудың келешегі зор екенін атап өтті.

Рәсім соңында Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықова елшілерді Қазақстандағы дипломатиялық қызметтерінің басталуымен құттықтап, табыс тіледі.

БАЙЛАНЫС

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҰЛҒАЙДЫ

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Асқар Мамин жұмыс сапарымен Түркіменстанның Мары қаласында болды. Түркіменстан президенті Гурбангулы Бердімұхамедовпен кездесуінде екіжақты қарым-қатынасты ары қарай дамыту жайы талқыланды.

«Біз екі ел арасындағы сауда-экономикалық қатынасты одан әрі тереңдетуге үлкен мән берудеміз» деп атап өтті А.Мамин. Ол «2017 жылы сәуірде Түркіменстан президентінің Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапары екі ел арасындағы сауда қатынасына зор серпін бергендігін» атап өтті.

«Қазақстан мен Түркіменстанның Мемлекет басшыларының тапсырмаларына сәйкес, екі елдің Үкіметтері өзара сауда қатынасы көлемін едәуір ұлғайтты. Қазақстан бұл тапсырманы одан әрі жүзеге асыруға барлық күш-жігерін жұмсайды» деді кездесу барысында А.Мамин.

Екі ел арасындағы сауда қатынасында транзиттік-көлік саласы, энергетика, ауыл шаруашылығы, машина жасау, теміржол көлігі машинасын жасауға қажетті өнімдерді жеткізуге басымдық беріліп отыр. Сонымен қатар екі ел қатынасында әскери-техникалық және аэроғарыштық салаға да басымдық берілді. Өз кезегінде

Түркіменстан президенті Гурбангулы Бердімұхамедов өңірлік инфрақұрылымдық жобаларды дамытудың маңыздылығына тоқталды.

Өңірдегі сауда қатынасын дамытуға қолайлы тарифтік жеңілдіктерге қол жеткізілді. Атап өтерлігі, биылғы қаңтарда экспорттық-импорттық тасымал көлемі өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда екі есеге артқан.

Кездесу барысында тараптар Халықаралық Аралды құтқару қорының (ХАКҚ) жұмысы туралы мәселені де ортаға салды.

Түркіменстанға сапары барысында Премьер-министрдің бірінші орынбасары «Түркіменстан – Ауғанстан – Пәкістан – Үндістан» газ құбырын тартудың кезекті кезеңінің ресми ашылу салтанатына, «Түркіменстан – Ауғанстан – Пәкістан» бағдарындағы электр желісі мен оптикалық талшықты байланыс желісін төсеуге, «Серхетабад – Тұрғынды» жаңа теміржол құрылысының аяқталу салтанатына қатысты.

СЕНАТ

МЕМЛЕКЕТ ПЕН БИЗНЕС ӘРІПТЕСТІГІ

Сенатта Мемлекет басшысының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауын іске асыру аясында «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін жетілдіру» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел өтті. Шараны экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті ұйымдастырды.

Сенат комитетінің төрағасы А.Бейсенбаев Президент Н.Назарбаевтың Жолдауында мемлекеттік-жекешелік әріптестік (МЖӘ) аясында мемлекеттік мүлікті сенімді басқаруға беру, қызмет көрсету шарттары және басқа да сипаттары бойынша мемлекеттік мүлікті басқарудың түрлерін пайдалана отырып, жеке капиталды экономикаға тарту міндеті қойылғанын атап өтті. Бұл ретте келісудің барлық түрлерін, әсіресе, шағын жобаларға қатысты рәсімдерді мейлінше, оңайлату және жеделдету көзделіп отыр.

МЖӘ инфрақұрылымды, оның ішінде әлеуметтік саланы дамытудың басты тетігі болуы тиіс. Ол сондай-ақ заманның өзгеруіне байланысты МЖӘ саласындағы әрбір инвестор үшін күресу керектігін айтты.

Сенат төрағасының орынбасары С.Промов Қазақстанда МЖӘ-ні дамыту үшін қажетті құқықтық, институттық және инфрақұрылымдық негіз жасалғанын атап өтті. 1991 жылы «Концессиялар туралы» заң қабылданып, МЖӘ-нің занды негізі жасалды және оны 2015

жылғы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» заңы жетілдірілді.

Ұлттық экономика министрінің бірінші орынбасары Р.Дәленов дөңгелек үстелге қатысушыларды МЖӘ-ні дамытудың негізгі көрсеткіштерімен таныстырды. Бүгінде бұл салада 200 нысан бойынша жалпы сомасы 401,6 млрд теңге тұратын инвестициялық 194 шарт (оның ішінде 298,4 млрд теңгеге 6 республикалық, 103,2 млрд теңгеге 188 жергілікті деңгейдегі шарт) жасалғанын жеткізді.

Дөңгелек үстел қорытындысы бойынша ұсынымдар әзірленіп, ел Үкіметіне, жергілікті атқарушы органдар мен басқа да мүдделі органдарға жіберілетін болды және ол бұдан былайғы заң шығару жұмыстары барысында депутаттардың назарында ұсталды.

ПАРТИЯ ФРАКЦИЯСЫНА АУҚЫМДЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ

«Нұр Отан» партиясы жан-жақты жаңғырудың жаңа бағытына бет түзеп, тың бастамаларды қолға алғаны белгілі. Соның аясында партия Төрағасының Бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев партия сайлауалды бағдарламасының бағыттары бойынша партиялық кураторлармен және Парламент Мәжілісіндегі партия фракциясы жанындағы комиссиялар мен кеңестердің жетекшілерімен кездесті.

Басқосуда партия қызметін одан ары жаңғырту, Елбасының мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы барысына бақылау жүргізу тапсырмасы мен Сайлауалды тұғырнамада айтылған басым бағыттарды орындау мәселелері кеңінен талқыланды. Аталған жиынға Парламент Мәжілісіндегі партия фракциясының жетекшісі Гүлмира Исимбаева, фракция мүшелері және Орталық аппараттағы құрылымдық бөлімдердің өкілдері қатысты.

Мәулен Әшімбаев бүгінде нұротандықтардың алдында тұрған басты міндет сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыруда партия жұмысының тиімділігін арттыру екенін айтты. Партияның Орталық аппараты мен Мәжілістегі фракциясының және партияның өңірлік филиалдары мен жергілікті мәслихаттардағы фракциялардың өзара үйлесімді жұмысы партиялық жаңғырудың негізгі тетігі болмақ.



Суретті түсірген Рустам АМАНАТ

Сондай-ақ «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары фракция әртүрлі заң жобаларымен жұмыс істеу барысында аппараттың сараптамалық ресурстарына арқа сүйеу керектігін жеткізді. Әлеуметтік маңызы бар деген заң жобаларын бағалап, сапалы ұсыныстар дайындау үшін бұл жұмысқа сарапшыларды тартудың да берері мол болмақ. Одан бөлек, халық қалаулылары партия жанындағы Саяси менеджмент академиясының әлеуетін де ескергені жөн екендігі айтылды.

Осыған орай, Мәулен Әшімбаев партия жанындағы комиссиялардың құрамын қайта қарап, оған сарапшыларды мейлінше көбірек қосуды ұсынды. Оның айтуынша, бүгінде партиялық кураторлар институтын да айтарлықтай күшейтіп, жұмысын жандандыру қажет. Соның нәтижесінде, Елбасы жүктеген міндетке сәйкес партия жалпыұлттық күн тәртібін қалыптастыратын ұсыныстарға ұйытқы болатын ақыл-ой орталығына айналуы тиіс.

— Партия жұмысын өзгер-

тетін уақыт жетті. Барша нұротандықтар нақты нәтижелерге жұмыс істейтін, шын мәнінде халықтық партия саналатын саяси ұйым құру үшін жана қарқынмен, ерекше екіпінмен жұмыс істеуі тиіс. Егер біз расымен осыны қалайтын болсақ, заманға лайық жаңғыруымыз керек, — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар іс-шара барысында Парламент Мәжілісіндегі партия фракциясының жетекшісі Гүлмира Исимбаева сөз алып, бұл жиынның дер кезінде өткізіліп отырғанына назар аударды. «Орталық аппараттың немесе фракцияның қарамағындағы партиялық құрылымдар осы жылдар ішінде өздерінің тиімділігін дәлелдеді. Бірақ заман талабына сай олардың жұмысын жаңғыртып, әлеуетін одан ары күшейту қажет», — деген Г.Исимбаева фракцияның атқарған жұмыстарына тоқталып, жаңғыруға қатысты нақты ұсыныстарын жолдады.

Өз кезегінде «Жастарды қолдау» бағыты бойынша куратор Бақтияр Мәкен: «Мемлекет басшысы Нұрсұлтан

Назарбаевтың тапсырмаларын табысты орындаудың негізгі факторларының бірі — «Нұр Отан» партиясының сайлауалды тұғырнамасын жүзеге асыру. Партияның Парламент Мәжілісіндегі Фракциясының аталған бағдарламаны жүзеге асырудағы рөлі өте ерекше, маңызы зор және жауапкершілігі де мол. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы партиялық кураторлар мен партия жанындағы кеңестердің жетекшілеріне және нұротандық депутаттарға өте үлкен міндеттер жүктеліп отыр», — деді.

Одан бөлек жиында «Индустриялық, энергетикалық инфрақұрылымды дамыту, шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау» бағыты бойынша партиялық комиссияның жетекшісі Нұртай Сабильянов пен «Кәсіпкерлікті қолдау» бағыты бойынша партиялық куратор Мейрам Пішембаев сөз алып, өз бағыттары бойынша атқарылған жұмыстардың жай-күйін баяндады.

Отырыс соңында «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары партиялық кураторлар мен партиялық комиссиялар жетекшілеріне Елбасының партияны кешенді жаңғырту жөніндегі тапсырмасын жүзеге асыруға бағытталған бірқатар тапсырмалар берді. Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев партия жанындағы комиссиялар мен кеңестердің тиімді жұмысы еліміздегі жетекші саяси күштің беделін орталық және жергілікті деңгейде бұрынғыдан да арттыра түсетініне сенім білдірді.

Еламан ҚОҢЫР

«Нұр Отан» партиясы Маңғыстау облыстық филиалында республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінің консультанты Жұмажан Жүкенов, банк омбудсманы Ерсерік Сыйрбай, банк омбудсманының кеңесшісі Руслан Ибрагимов және екінші деңгейдегі банк басшылары тұрғын үй және ипотекалық займ мәселелері бойынша азаматтарға арналған көшпелі қоғамдық қабылдау өткізді.

ЖҰРТ РИЗА



Қабылдау барысында мемлекеттік бағдарламалар бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді және қала тұрғындарының сұрақтарына жауап берілді.

Қабылдауда азаматтар тарапынан жекелеген сұрақтар қойылып, оларды шешу туралы екінші деңгейдегі банк өкілдерінің ұсыныстары қаралды. Ерсерік Сыйрбаев банктер мен тұрғындар арасында ипотекалық несиеге қатысты дау-дамайды тиімді шешу мүмкіндіктерін айтып берді.

Қабылдау барысында 14 азаматтың мәселелері қаралып, тиімді шешімдері ұсынылды.

Көшпелі қабылдау қорытындысы бойынша хаттама жасалынып, азаматтардың мәселелеріне қатысты тиісті ұсыныстар орталық және жергілікті мемлекеттік органдарға жолданды.

Қазіргі таңда еліміздің әр азаматына өзіне қажетті сұрақтарын тиісті орындарға қоюға және тиісінше жауап алуларына барлық мүмкіндік жасалған. Бұл қабылдау да осының жарқын көрінісі болды.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

ЕЛІМІЗ ҮШІН ЖАСАЛҒАН ИГІ ҚАДАМ



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық», — деген еді. Осыған орай, ғалымдар қазақ тілінің заңдылықтарына және бүгінгі технология талаптарына жауап бере алатын әліпбидің соңғы нұсқасын дайындап, Елбасы бекітіп берді.

Латын әліпбиіне көшу — ұлтымыздың сана-сезім көкжиегін кеңейтіп, әлемдік өркениетпен ықпалдасуға, бабаларымыз қолданған әліпбиімізге қайта оралып, жалпыұлттық идеямыз — Мәңгілік елге айналуымызға жол ашады.

Ендігі міндет — «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, жалпы қоғам болып латын қарпіне негізделген қазақ тілі әліпбиіне көшу жұмыстарына белсене қатысып, халқымыздың рухани жаңғыруына үлес қосу.

К. ДӘУЛЕТБЕКОВА,
«Нұр Отан» партиясы Ақсу аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, аудандық мәслихат депутаты, облыстық Саяси кеңестің бюро мүшесі,
Алматы облысы

МОЛ МҮМКІНДІК



Президент Нұрсұлтан Назарбаев осыдан бір жыл бұрын «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында 2025 жылға қарай қазақ әліпбиін толық латын қарпіне көшіру туралы міндет қойған болатын. Осыған орай, 2017 жылдың соңында көпшілік назарына әліпбидің екі нұсқасы ұсынылды.

Алғашқысы қоғам тарапынан үлкен сынға ұшырап, халық арасында «сәбіз» атауымен есте қалды. Әліпбидің екінші «апостроф» нұсқасы бекітілгенімен, сарапшылар мен

жалпы көпшілік тарапынан қолдауға ие болды деп айту қиын. Басты наразылық — әліпбидің кейбір әріптері апострофтар арқылы белгіленуінде. Бұл қазақ тіліндегі жазуларды визуалды түрде қабылдауға және қазақ мәтіндерін теруді біршама қиындататын болды.

Осы аптада халықтың, сарапшылардың пікірлері ескеріле отырып, көпшілікке әліпбидің үшінші нұсқасы ұсынылды. Бұл нұсқаның басты артықшылығы оның жеңіл қабылдануында дер едік. Бастапқы нұсқамен салыстырғанда апострофтардың орнына қазақ тіліндегі кейбір дыбыстар диакритикалық белгілер арқылы берілген. Бұл өз кезегінде қазақ тіліндегі мәтіндерді теруді және қабылдауды анағұрлым жеңілдететіні рас.

Ендігі кезекте жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындау міндеті тұр. Бұл — алдағы екі жылда орындалуы тиіс міндеттер.

Медет ӨМІРЗАҚОВ,
«Нұр Отан» партиясы жанындағы Талдау, болжау және стратегиялық бастамалар институтының сарапшысы

БАСЫМЫЗДЫ БІРІКТІРЕТІН ФАКТОР



Қазақ жазуының латын қарпіне көшуі — уақыт талабы. Бұл — жай әліпбиді ауыстыра салу емес, біз үшін өркениетті шешім. Қаншама жыл қазақ тілі орыс тілінің ережесіне бағынып келді. Тіліміз өз табиғатында дамыады. Бұл біздің ашық әлемнің бір бөлігі болуға ұмтылып, алға жылжығымыз келетінін растайды. Мұны болашаққа жасалған батыл қадам, елімізді төрткүл дүниеге танытып келе жатқан Елбасының тағы бір маңызды шешімі ретінде қабылдаймын.

Қазақ тілі — ұлтымыздың рухани негізі. Осы жолда тілдің халықаралық мәртебесін көтеру — біздің әлемдік өркениетке жетуіміздің басты кепілі. Сонымен бірге, жаңа әліпби — бүкіл әлем қазақтарын біріктіретін өте маңызды фактор.

К. ДОСМАЙЛОВ,
«Нұр Отан» партиясы Панфилов аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары,
Алматы облысы

АКАДЕМИЯЛЫҚ МӘРТЕБЕ ТАБЫС ЕТІЛДІ

Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедұлы Атырау облыстық Махамбет атындағы қазақ драма театры ұжымына Академиялық мәртебе беру туралы ресми құжатты табысты.

Жуырда ғана Үкіметтің қаулысымен 80 жылдық тарихы бар Махамбет атындағы қазақ драма театрына академиялық мәртебе берілгенін қуанышпен жеткізген болатынбыз. Осы жоғары дәрежелі мәртебені Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедұлы Атырау облысына сапары барысында өңірдегі мәдениет және спорт саласы қызметкерлерімен кездесуі кезінде салтанатты түрде табыс етті.

Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедұлы Атырау облысы мәдениет, өнер және спорт саласында алдыңғы қатарда келе жатқан облыстардың бірі екендігіне тоқталды.

— Академиялық мәртебесі өз саласында жетекші болып

табылатын, еліміздің ұлттық мәдениеті мен өнерін қалыптастыруға, дамытуға және насихаттауға елеулі үлес қосқан мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген кәсіби көркем және шығармашылық ұжымдарға беріледі. Бұл мәртебе — ең жоғарғы марапат, — деген министр А.Мұхамедұлы Атырау облыстық Махамбет атындағы қазақ драма театрына Академиялық мәртебе беру туралы Премьер-министрдің арнайы қаулысын оқып берді.

Жаңа мәртебені беру туралы ресми құжатты облыс әкімі Нұрлан Ноғаев пен театр басшысы Берік Жәменовке министр Арыстанбек Мұхамедұлы және Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның Еңбек ері Асанәлі Әшімов салтанатты түрде ұсынды.

— Осы зор мәртебені қабылдай отырып, жоғары дәрежелі атаққа лайық болуға, сенімді ақтауға ант етеміз, — деді театрдың директоры Берік Қилекешұлы.

— Енді Махамбет атындағы қазақ драма театрының дәрежесі Мұхтар Әуезов атындағы театрмен



тендесті. Бұл қуанышты кеше ғана арамздан өткен жазушы Рахымжан көрсе, жүрегі жарылып қуанар еді, — деді Асанәлі Әшімов өз кезегінде.

Махамбет атындағы қазақ драма театры 1938 жылы Үкімет қаулысымен мемлекеттік театр болып құрылған батыс өңірдегі — екінші және республикамызда ең беделді театр болды.

Атырау облыстық қазақ драма театрының аға буынын тәрбиелеуде режиссер, драматург, актер, қазақтың ұлттық театр өнерінің негізін салушылардың бірі, қоғам және театр қайраткері Жұмат Шаниннің еңбегі зор. Ж.Шаниннің тәрбиесін көрген Қ.Төлеков, А.Ахметова, Ж.Манапова, З.Сүлейменова, Қ.Доғалақов, Ы.Иманқұлов, К.Иманғалиева

сияқты аға буын өкілдері театрдың қалыптасуына мол еңбек сіңірді. Театрда әр жылдары Ш.Гатаулин, А.Сусанов-Саянский, А.Есенбаев, Н.Леготин, Р.Шарафутдинова, М.Қамбаров, Қ.Жетпісбаев, З.Есбергенова, Ш.Зұлқашев режиссерлік қызмет атқарды.

— Театрымыздың 80-маусымында Академиялық атаққа лайықты болғанымызға күй болу, аға буын актерлер үшін зор мәртебе. Осы театрдың 16-маусымынан бері актер болып қызмет етіп келемін. Сахнаның санлақтары Қуат Төлеков, Алма Ахметова, Құрманғали Доғалақовтармен партнер болып халыққа өнер көрсеттік. Сол жылдар еншісіндегі еңбек елеусіз қалмапты. Театр тарихын жасауда аға буын тер төкті. Енді кезек жас буынға келді. Махамбет бабаның есімінің өзі бізге жауапкершілік жүктеген еді, енді Академиялық атағымыз бізге қуаныш пен қатар үлкен міндет жүктеп отыр. Осы жауапкершілікті жас буын өз деңгейінде түйсініп, өздерінің актерлік шеберліктерін шындап, театр сонау бір жылдардағы дүрілдеген атағын қайта шығарар деген сенімдемін, — дейді Мәдениет қайраткері Қайыржан Махмұтов.

Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ,
Атырау облысы



ЖАС ҒАЛЫМДАР БАС ҚОСТЫ

Алматыда өткен айда университеттердің альянсы құрылды. Құрамына қаладағы 38 жоғары оқу орны кіретін бұл бірлестіктің басты мақсаты — ЖОО оқытушылары мен сарапшыларының басын біріктіріп, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға бірлесе күш жұмсау.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ проректоры Шолпан Жаманбаева «Қоғамның рухани өмірінде университеттің алар орны зор. Ол жерде тек сапалы маман емес, бәсекеге қабілетті, ұлтына жаны ашитын азамат қалыптасады. Альянс құруға ұзақ уақыт дайындалдық. Нақты жоспарымыз да бар. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруда ЖОО оқытушыларының еңбегі зор. Алматыда 15 мыңдай мұғалім қызмет етеді. Альянс оқытушылардың тәжірибе алмасатын алаңына, университеттердің рухани жаңғыру драйверіне айналады» деген болатын. Осы мақсатта алып шаһардың білім ордалары түрлі шаралар өткізуде. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде Universities — 38 альянсының қызметі шеңберінде жас ғалымдардың конвенті өтті. Шараға Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы, М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы және Қазақ ұлттық Аграрлық университетінің жас ғалымдары қатысты.



Университет қабырғасындағы Ғылым бөлімінің басшысы Гаухар Өмірәліқызы «Мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз — ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгерлерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін» деп атап өтті. Бүгінгі ұрпақ Елбасының осы құжатта айтқан мәселелері мен жастарға берген ақыл-кеңесінің астарына үнілсе игі. Өйткені мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Сонда, бұл саяси және

экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады» деп жастар конвентін ашып берді.

Бұдан кейін, әр университеттен жиналған жас ғалымдар қоғамдағы өзекті мәселелерді қамтитын зерттеу жұмыстары жайында баяндама жасап, сол проблемалардың өзектілігіне тоқталды. Баяндамашылардың басым бөлігі жаратылыстану бағытында бірқатар зерттеумен айналысып жатыр екен. Бұл жастар алдағы уақытта шетелдік ЖОО зертханаларымен келісімшарт жасасуға ниетті екендерін де айтты. Өскелең ұрпақтың ғылымға деген бетбұрысы мен ғылыми жаңалық ашуға ұмтылысы жаман емес. Жиын соңы пікірталасу алаңына айналды. Конвентке қатысушылар көкейдегі сауалдарын қойып, тиісті жауап та алды.

Асыл ТҰМАР

НӘТИЖЕ

Бүгінде жаһандық өзгерістер кезеңінде өмір сүрудеміз. Бұл — жаңа технологиялық жетістіктер, инновацияларды ендірулер, IT технологиялардың жылдам дамуы мен адам ресурстарының ұтқырлығы. Осы жағдайларда білім және бизнес бірінші орында болуы қажет.

БИЗНЕС ЖОБАЛАР СЫНАҚТАН ӨТТІ

Әлемнің жетекші экономикалары білікті адам капиталының есебінен гүлденуде. Бұған жаңа білім стратегиялары мен сындарлы саясат мүмкіндік туғызады. Өскемен қаласындағы Қазақстан-Американдық еркін университетінде өткен «Жас кәсіпкер» бизнес-жобаларды қорғау бойынша аймақтық сайыстың мақсаты — қазіргі жастарда кәсіпкерлік ойлауды қалыптастыруға, өзін-өзі таныту және қоғамдағы орнын белгілеуге көмектесу. Сайысқа қатысу тәжірибесі білім алушыларға кәсіпкерліктегі дағдыларды меңгеруге, әлеуметтік және өндірістік салаларға инновациялық зерттемелерді енгізуге көмектеседі.

«Жас кәсіпкер» бизнес-жобаларының өңірлік сайысының қорытындысы бойынша I дәрежелі дипломмен және «Бизнес» кафедрасының мамандықтары бойынша білім алуға 15 пайыз жеңілдікпен «Исток» жекеменшік жалпы білім беру мектебінің 11-сынып оқушысы Дмитрий Подойников марапатталды. Дмитрий қазылар алқасына «Шыны сауыттағы раушан гүлі» жобасын ұсынды.

«Полигонға туристік экскурсиялар» жобасын ұсынған «Қурчатов қаласының №3 орта

мектебі» КММ 10-сынып оқушысы Екатерина Локшанова II дәрежелі дипломмен және «Бизнес» кафедрасының мамандықтары бойынша білім алуға 10 пайыз жеңілдік сертификатымен марапатталды.

Үшінші дәрежелі дипломмен және «Бизнес» кафедрасының мамандықтары бойынша білім алуға 5 пайыз жеңілдік сертификатпен Шығыс Қазақстан облыстық білім басқармасы Рымбек Байсейітов атындағы Семей қаржы-экономикалық колледжінің 2-курсның білім алушылары Гүлайым Мырзабекова, Гүлмира Советова, Алтынгүл Тоқаева марапатталды.


Мадақтау және ынталандыру мақсатында қазылар алқасы келесі жобаларды атап өтті және жеңілдікке сертификаттар берді: — Family club дамытушы білім беру және отбасылық демалыс орталығын ашу», авторы — Өскемен қаласындағы № 34 мектеп-лицейдің 11-сынып оқушысы Ольга Абдурашитова.

— «Қала шетіндегі балаларға арналған жылу», авторы — Семей қаласындағы № 12 жалпы білім беретін орта мектептің 10-сынып оқушысы Анна Моисеенко.

Ж.ӘШІМХАНҰЛЫ

Бірінші кредиттік бюронның мәліметтеріне сүйенсек, 2017 жылы банктер 1,5 трлн теңгеге кепілсіз жедел несие берген екен. Алдыңғы жылмен салыстырғанда бұл 400 млн теңгеге көп. Несиенің мұндай түрі банктердің кредиттік портфелін қамтамасыз етіп отырған драйвер деуге болады. Сарапшылар да соңғы кезде адамдардың санасын тұтынушылық көзқарас жаулап алғанын, соның әсерінен тұтынушылық несие халық арасында танымалдыққа ие болғанын айтуда. Мамандар мұндай тенденцияның мемлекет үшін де қауіпті екенін ескертіп келеді. Сондықтан Ұлттық банктің несие тұтынушыларына арналған кеңестерін ұсынбас бұрын, заңгердің заңдар турасындағы пікірімен бөлісуді жөн санадық.

Қаржылай сауаттылық индексі



Дереккөз: Бірінші кредиттік бюро

деп нұсқай салады. Мұндай әрекеттердің барлығы да заңсыз. Одан бөлек, банктер ұсынатын келісімшарт тек бір жақты мүддесін көздейді. Бірақ іс сотқа жеткенде, қаржылық ұйымдар «әркім өз мүддесіне сай келісімге келді» деп дау айтуы мүмкін. Заңға сәйкес біз де банкке өз талаптарымызды қоя аламыз. Егер келісімшарттың кей тұстары көңіліңізден шықпаса, мына жеріне мынадай өзгерту енгізсек деп өз ұсынысыңызды айта аласыз. Бірақ іс жүзінде бізде әлі мұндай тәжірибе қалыптаспай жатыр.

«керек?» деген сауалға жауабын ұсынамыз.

Кредит алмастан бұрын оның сіз үшін қаншалықты тиімді екенін әбден саралап алыңыз.

Кредитке сатып алынатын тауар немесе мүлік қаншалықты шұғыл қажет? Оның құнын толық жинауға мүмкіндік болса, сауданы кейінге қалдырғаныңыз жөн.

Қаржылық мүмкіндігіңізді есептеңіз және кредит төлемдеріне сәйкес алдағы уақытта шығыныңн өсуін ескере отырып, өз бюджетіңізді талдаңыз! Отбасылық бюджеттің кіріс және шығыс

Аннуитеттік төлемдерге сәйкес ай сайын теңдей сома төленеді. Ол негізгі қарыздың бір бөлігі мен есептелген сыйақыны қамтиды.
Дифференциалдық төлемге сай қарыздың негізгі сомасы теңдей үлестермен төленеді, ал сыйақы қарыздың қалдығына есептеледі.
Бұл әдіске сәйкес, кредит бойынша алғашқы төлем – кредиттеудің үлкен мерзімі ішінде ең ірі төлем болады, ал алғашқы жылдар қаржылық жүктеме тұрғысынан ең ауыр жылдар болады.

НЕСИЕ



Абзал ҚҰСПАНОВ,
заңгер:

– Несиені адамдар негізінен тұтынушылық мақсатта қолданады. Шын мәнісінде, кредитке алған қаражат бизнес жасауға бағытталуы қажет деп есептеймін. Бізде, керісінше, тұтынушылық сипаты басым. Мысалы, той жасауға, қонақ шақыруға, тіпті, соңғы кездері, киімді де несиеге алатын болып барамыз. Сол киімді кимесек те, ештеңе өзгере қоймасы анық. Бұл адамдардың жеке бюджетін тиімді басқаруына кедергі болады, бір сөзбен айтқанда, ешқандай пайда әкелмейді. Әрі мұндай тенденция, яғни, адамдардың тұтынушылық несиемен жаппай пайдалануы мемлекеттің саясаты мен дамуына да кедергі келтіреді. Өйткені мемлекетті адамдар құрайды. Өз басым шұғыл бір қажеттілік туындап қалса немесе онсыз «аспан айналып жерге түскелі тұрса» ғана несиеге жүгінген дұрыс деп есептеймін. Басқа жағдайда, күнделікті тұрмыс-тір-

АЛҒАНДА

НЕНІ

ЕСКЕРУ ҚАЖЕТ?

Берілген несиелердің құрылымы

(1 қаңтар 2018 ж.)



Дереккөз: Бірінші кредиттік бюро



Несие – банк тарапынан тұрғын үй, автокөлік немесе тұтынушылық мақсатта берілетін ақшалай қарыз түрі. Оны қайтарарда үстіне сыйақы мөлшерлемесі қосылады. Бұл – қарызға берілген қаражатты пайдаланғаныңыз үшін банкке қосымша төленетін үстеме пайыз.

2017 жылы екінші деңгейлі банктер 2,1 трлн теңгеге бөлшектік несие берген. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 40 пайызға көп. Ал микроқаржылық ұйымдар тарапынан берілген несие көлемі – 110 млрд теңге. МҚҰ ұсынған несие көлемі соңғы бір жылда 71 пайызға көбейген.

шілік үшін кредит алуды құптамаймын.

Бірақ несие алуға тура келсе, біріншіден, банк ұсынған келісімнің шарттарын толық оқып шығыңыз дер едім. Әдетте, клиент өзі сұраған қарызға келісім бергенін естігенде, қуанғанынан құжаттарға мән берместен қол қоя береді. Мұның өзі адамдардың психикасына әсер ету үшін әдейі солай ұйымдастырылған. Сондықтан қандай көлемде қарыз

алсаңыз да, шарттың жобасымен алдын ала танысу керек. Егер өзіңіз түсінбесеңіз, арнаулы мамандармен кеңесіп алған дұрыс. Мұның барлығы – азаматтық кодекстің талаптары. Шарт екі жақты келісіммен ғана жасалады. Ешкім ешкімді мәжбүрлей алмайды.

Кейде кредиттік менеджерлер клиентке келісімшартпен танысуға арнаулы уақыт бермейді. «Міне, мына жерлерге қол қоясыз»

Тағы бір айтарым, заңгерден бөлек, экономист мамандардың да кеңесін алу қажет. Себебі, қазір көптеген банктердің шарттарында жасырын комиссиялар бар. Мысалы, жылдық пайыздық мөлшерлемесі 14 пайыз деп көрсетіледі, бірақ шындығында 30-35 пайызға дейін барып қалатын кездер болады.

МҮМКІНДІГІНДІ БАҒАЛА!

Қаржы секторын реттеуші де, бақылаушы да – Ұлттық банк. Сондықтан бұл мекеме азаматтардың қаржылық сауаттылығын жоғарылатып, тұтынушылардың құқығын қорғау үшін түрлі жобалар ұйымдастырып отырады. Төменде қаржылық реттеушінің «Несие алмастан бұрын не істеу

бөліктерін анықтай отырып, өзіңіздің қаржылық жағдайыңызды бағалаңыз: кредитті төлеуге қаржылық мүмкіндігіңіз қаншалықты жетеді?

НЕСИЕ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМШАРТ ҚАНДАЙ БОЛУЫ ТИІС?

Банк қарызы туралы келісім – несие толық өтелгенше банк пен сіздің қарым-қатынасыңызды анықтайтын негізгі құжат. Ең қарапайым үш ай ішінде бөліп қайтаратын шарттың толық және аса мұқият қарап шығу: алғашқы екі бетте банк қарыздың шектік сомасын, түрін, пайыздық сыйақы мөлшерлемесінің көлемін, жылдық тиім-

ді сыйақы мөлшерлемесі мен мерзімін және валютасын міндетті түрде көрсетуі қажет. Осылайша, сіздің қарызды қандай жолмен және қалай қайтаратыныңыз: аннуитетті ме, әлде дифференциалды ма, қарызды қайтару уақыты кешіктірілгені үшін қандай өсімақы немесе айыппұл тағайындалатыны анықталады.

Банк қарызы шартын жасағанға дейін клиентке мынадай мәліметтер туралы ақпарат беруі тиіс:

- қарыз мерзімі;
- қарыздың шектік сомасы және валютасы;
- сыйақы мөлшерлемесінің түрі және мөлшері;
- қарыз берумен және оған қызмет көрсетумен байланысты комиссиялар мен төлемдердің толық тізімі;
- қарыз шартының талаптарын біржақты тәртіпте өзгерту жағдайлары;
- клиенттің, кепіл берушінің, кепілгердің және өзге тұлғалардың жауапкершілігі мен тәуекелдері.

Туындаған кез келген сұрақ бойынша банк менеджерімен кеңес алыңыз.

ҚАРЫЗДЫ ҚАЙ ВАЛЮТАДА АЛҒАН ДҰРЫС?

Қарыз валютасын таңдаған кезде шетелдік валютадағы қарыздар табысыңыз теңгемен өлшенсе, сіз үшін аса тиімсіз болатынын есте сақтаңыз.

Сонымен қатар банктерге соңғы 6 ай бойы шетелдік валютамен табыс алмаған азаматтарға ипотекалық қарыздарды шетелдік валютада беруге тыйым салынған.

НЕСИЕ МЕН БӨЛІП ТӨЛЕУДІ ҚАНДАЙ АЙЫРМАСЫ БАР?

Бөліп төлеу – сатып алған заттың құнын ешқандай артық төлемсіз теңдей бөліп қайтару. Мысалы, сіз бүгін дүкеннен мұздатқыш сатып алдыңыз делік, оның құнын үш ай ішінде бөліп қайтарасыз. Ал қарызға берілген қаражатты пайдаланғаны үшін белгіленген пайыздық мөлшерлемені төлеу сатушының мойнында. Кейде, аздаған артық төлеммен қайтарылатын несиелер де бөліп төлеуге саналады. Мұны сіз төлетін соманы қарыз мерзіміне көбейту арқылы анықтай аласыз.

Көмила
ДҮЙСЕН



Дүние-жалған дейміз ғой кейде. Расымен, жалған екен. Оны біз «өмірден Рахымжан Отарбаев өтті» деген сәтте тағы бір сезіндік. Қазақтың ғажайып жазушысының, өмірдің құбылыстарын өзгеше көзбен көре білген қарапайым жанның өмірден тым ерте кетуі – қабырғаны қайыстырар ауыр қайғы.

«Рахымжан аға – тарландардан қалған бір өзі еді,

Бір өзі – бар қазақтың мінезі еді». Бұл – Бақыт Беделханның Рахымжан ағаны жоқтауы. Біз Рахымжан ағаны ғана жоғалтқан жоқпыз, қазақтың дара мінезін де жоғалттық...

Қазақтың ғажайып жазушысын әлі талай жоқтайтынымыз анық. Көңілге демеу: артында қалған мұрасы. Ойып түсер ой тіркестері, көркем сөздері. Рахымжан ағаны іздеген сәтте мұрасын оқып, көркем шығармасымен тілдесіп, жүректі жұбатамыз. Тек... көңіл сенбейді...

Рахымжан ОТАРБАЕВ:



СӘУЛЕЛІ СӘТТЕРІМНІҢ БӘРІН

АҚ ҚАҒАЗҒА ТҮСІРДІМ

Мына тірлікте соншама жүрегім жарыла қуанған сәттерім де болды. Жер бауырлап өкінген де сәттерім болды. Өйткені өзім-өзім шапағаттан гөрі, кесапатты көп жасаған адаммын. Біреуге жақпасам, мінімнен емес, мінезімнен жақпадым.

Қуанышты, жарқын сәттердің бірін қазір басымнан өткеріп жатырмын. Тәуба деп айтамын. Ағалардың алдында, осы топырақтан өткен көзі жоқ ағаларымның алдында кешірім сұраймын. Қазақ поэзиясының ақша бұлты атанған Әбу Сәрсенбаев, қазақтың ұлы ақыны Жүмекен Нәжімеденов мұндай салтанатты көре алған жоқ. Болмаса, Зейнолла Серікқалиев, Зейнолла Қабдолов, Ғабдол Сланов, Мағзұм Сүндетов сияқты ағаларым көре алмады. Мен солардан артықтығымнан өткізіп жатқан жоқпын. Олар үлкен тұлға, мен – кішкентай адаммын. Өйткені мен солардан тәлім алдым.

Жастайымнан ағалардың алақанында өстім. 25 жасымда Алматыға барып едім, Әбу ата, Әбіш аға, Фариза апа, Жүмекен аға, Шерхан аға, Оралхан Бөкеев, Мұхтар Шаханов, Шыңғыс Айтматов, бәрі әлдилеп, қолында ұстады. Осы күні «неге?» деп ойлаймын. «Осы бір шашы тікелей, ауылдан келген баладан бірдене шығады-ау» деп ойлаған болуы керек. Ағалардан жақсылықты көп көрдім.

Прозада да, драматургияда да шынымды айтамын. Тіпті сұхбат

берсем де, шынымды айтуға тырысамын. Өзімнің неше түрлі қылықтарымды айтамын. Мүмкін бұл кей адамдардың ұғымына сыймайтын шығар. Өйткені бұл – менің өмірім. Адамнан жасырғанды Алладан жасыра алмайсың. Ұлым Ермерейге арнап күнделік жүргіздім. Өзім жақсылық көрген ағаларымның тізімін жаздым.

Мен дүниеден өтсем де, сол ағаларымның ұрпағының қолына су құйып жүр дедім. Солардың ұрпағының алдын торғай адым кесіп өтпе дедім. Әкең үшін жасағаның сол болсын деп жаздым.

Эрнест Хемингуэй: «Жақсы жазушы болу үшін талантпен қоса, бақытсыз балалық керек» дейді. Шешеміз жүзу білмейтін қырдың қызы. 26 жасында суға кетті. Әкем мал бағарды. Жалғыз үй, шағылдардың ортасында отырдык. Жалғыз бала. Айдаладан аттылы біреуді көрсек, қуанушы едік. Алыстан айғайлап, үйге шақырып, қонақ қылатынбыз. Қонақ келген күн – үйде үлкен мереке болатын.

Жүмекен аға: «Мен де кейде жылаймын» деп айтатын еді. Көңілін кірлеген кезде жыласаң, тазарып қаласың. Көңіліңнің терезесі жуылып қалғандай, жандүниен ағарып шыға келеді. «Қытайдан жеткен сәлемдеме» деген әңгімемді жылап отырып аяқтадым. Жылаған адамның жанына, сезіміне, рухани жанаруына, тазаруына әсер етеді. Ал менің әңгімелерімде біраз шындық бар.

Мені өзіне ұстаз тұтатын төрт-бес жас драматург бар. Екеуі Қарағандыда тұрады. Серік Сағынтай мен Алмас Мырзахмет. Соларға айттым: «Аға адамда біреу болуы керек. Ұстаз да біреу. Әйтпесе, он жолға түссен, адасып өлесің».

20 жыл болды, «Ақырзаман» деген романымды аяқтай алмағаным. Құйттай ғана роман. Егер шығарма өз биігіне жетпесе, оны оқырманға бере алмаймын. Жалпы, қоғам, өмір сүрген орта жөнінде айтқан кезде біреулер сияқты кесіп тастауға болмайды.

Екі дәуірдің перзентімін. Екеуін салыстырғанда, Құдайға шүкірміз.

Қиялыммен бір арал жасап алдым. Сонда өмір сүрдім. Бұл арал керемет тұрады. Өзім оңаша жатамын. Осы күні қорқамын. Сол қиялыммен жасаған аралымнан шықпай қалуым мүмкін деп.

Яссауи ілімі, Абай өлеңдері мен карасөздері идеология болып жарытпайды. Олардың тәрбиелік мәнін басқаша пайдалануымыз керек. Ал идеологияның көмекші құралы болған әдебиет – шын әдебиет емес. Ол өз бетінше дамуы керек.

Әзірге құс келді, құс кеттім жоқ. Романды айтам... Етене ескі сүрлеу. Дайын оқиғалар. Таныс шайқастар. Бала күннен құлаққа құйылып қалған шежіре, шертпе сыр және бар. Ал да, жаз. Ең

шыжығы – «ал бітірдім» деген жанкешті шақта басталды... Артынша Астрахань, Мәскеу мен Орынбор мұрағаттарын сүзіп өтуім мұн екен, қапияда түбі жоқ түгесілмес қазынаға кезігейін. Алтын желі үзіліп-үзіліп барып кері жалғаныпты. Бөкейхан, Жәңгірхан, Фатима тоташ, портреті Кремльдің Георгиевский залында ілулі тұрған генерал-лейтенант Ғұбайдолла Жәңгіров, ғылымға сіңірген еңбегі үшін Семенов Тянь-Шанскийдің өз қолынан үлкен күміс медаль алатын Мұхамед-Салық Бабажанов, дағыстандық мұсылмандарға әліппе жасап беретін ғұлама Мақаш Шолтыров, атакты Шәңгерей Бөкеев... Осы арыстардың бәрін тәркі етіппін. «Ханшасын – қатын, керегесін – отын» қылған Махамбет көкемшілеп, әсіре шауыппын. Обал-сауапты ұмытыппын. Сонымен, мен романымды неге өртедім? Әрине, жалаугер Исатай мен Махамбетті жек көргеннен емес, әділқазы болмағаным үшін! Есім түзу болғанымен, қаламының ұшы қисайып кетіпті. Сөйтіп, көгенкөз көнелерге көзәпара қиянат жасай жаздаппын.

Өз-өзіме таңғалдым. Ескі ұғымнан әлі ажырамаппын. Әлі күнге санам азат емес екен. Тазарта алмаппын. Не себеп? Әйтеуір, кырып-жойғанды, күш көрсеткенді, зорлық-зомбылықты жақтай беріппін. Зиялыны көрмеппін, зарына құлақ ілмеппін. Өмір біреу болғанмен, кезек екеуі ұмытыппын. Осы аса қауіпті дерттен құтылмаққа шырыпыны қолға алдым. Өйткені озалдардың обалынан қорықтым. Киенден сескендім. Күнәдан қаштым.

Ал «өтірік айтпайсыз ба?» деген әңгімеге келсек, біздің ауылда бір шал айтушы еді: «Өтірікті құлпыртып айтуын айтарсың-ау, тек тындаушысы мен қостаушысы келіссе», – деп. Мына заманда өтірік айтпайтындай, менің не жазығым бар? Тіпті сүйсініп айтамын. Өйткені менің алдыма күн сайын сүйретіліп өтірік-әкә келеді. Мал баққан ауылдың баласымыз ғой. Бірден танымын. Арығын, семізін... Оның бәріне бірдей шығындай берсем, жүрегімдегі аз ғана шындығымды өлтіріп алам ғой.

Жанбай қалған жарық жұлдыздардың бірі Сағат Әбдуғалиев еді ғой, шіркін. Өзі аспанда екі жұлдыз қатар жанса, бірін жарығын бірі басып кетеді. Өлеңде де осы қағида өміршен. Мәселен, Төлеген Айбергенов өзімен қатар шыққан талантты ақын Мендекеш Сатыбалдиевтің жарығын басып кетті. Сол сияқты Сағат ақынның атағын Жарасқан Әбдіраштың аты бүркемеледі. Кезінде сол Жарасқан «Сағаттың алдында өлең оқуға ұялатынбыз» деп айтатын. Осындай дарынды тұлғаларды көпшілік білмей, бірлі-жарым адамдар ғана тілге тиек етіп жүрсе, көмескіленбегенде қайтпеді? Прозада өмірден ерте кетсе де, Кейкі батыр туралы жазылған «Құланның ажалы» атты шығармасымен ғана қазақ әдебиетінің көшін бастап тұрған Ақан Нұрмановтың атағы жер жарып тұр деп айта алмайсың. Жалпақ жұрт біле бермейді...

Сәулелі сәттерімнің бәрін ақ қағазға түсіруге тырыстым.

Көңіліңнің кірі бар адамға ақ қағаз беруге болмайды. Көңіліңнің кірі жұғады. Оны өзгеге жұқтырады. Кірленген көңілді тазарту қиын.

Әзірлеген Гүлзина БЕКТАС

ҚАЛЫҢ ҚАЛАЙ, БОКС ТӨРЕШІСІ?

Алматы облысының Талғар ауданындағы АИБА-ның Дүниежүзілік бокс академиясында Қазақстан бокс федерациясы 2017 жылдың қорытындысы бойынша жүзден жүйрік шыққан ең мықты бокс төрешілерін үш номинациямен марапаттады. Іс-шара аясында Қазақстан мен Өзбекстанның былғары қолғап шеберлері жолдастық кездесуі өткізіп, өзара күш сынасты.

Жомарт МОЛДАХМЕТҰЛЫ



Қазақстан бокс федерациясының төрешілер жөніндегі вице-президенті Бауыржан Оспановтың пікірінше, елімізде 100-ге жуық бокс төрешісі бар. Бокс федерациясы өткен жылы олардың арасынан «сайдың тасындай» елу төрешіні іріктеп алып, арнайы семинарлар мен тренингтер ұйымдастырылды. Сөйтіп, бокс бәсекелерінде қазылық етудің әлемдік әділ-тәсілдерін үйретіпті.

— Өткен жылы Қазақстан бокс федерациясы ұйымдастырған 42 бұқаралық-спорттық сайыс пен республикалық деңгейде өткен алты чемпионатқа 79 төреші төрелік жасады. Шындығын айту керек, біздің бокс төрешілерінің біліктілігі әлемдік деңгейдегі төрешілерден еш кем емес. Тіпті кейбір төрешілеріміз олардан әлдеқайда мықты. Бүгінде Қазақстан бокс федерациясы құрамында жұмыс жасап жүрген төрешілердің ішінде тоғыз

адамның АИБА-ның халықаралық дәрежедегі «3 жұлдызды», 10 адамның — «2 жұлдызды», 15 адамның «1 жұлдызды» төреші атағына ие болуы — мұның нақты дәлелі. Бұған қоса, 9 төрешіміз жоғары ұлттық дәрежеге, 10 төреші ұлттық категорияға, 15 төрешіміз 1-категорияға және 11 адам «спорттық категориялы» төреші атақтарына ие. Бұл — біздің бүгінгі көрсеткіші. Алдағы мақсатымыз — бокс төрешілерінің біліктілік деңгейін бұдан да жоғары деңгейге көтеріп, елімізде білікті де білімді бокс төрешілерінің әлемдік ұлттық мектебін қалыптастыру. Өткен жылы сала төрешілерінің біліктілік деңгейіне үш мәрте аттестация өткіздік. Бұған қоса, төрешілердің 2017 жылы бокстан өткен сайыстарға төрешілік етудегі барлық көрсеткіштері сараланды. Сол саралауға байланысты Қазақстан бокс федерациясының төрешілік комиссиясы қорытынды шы-

ғарды. Қазір сіздер төрешілеріміздің арасынан кімнің суырылып алға шыққанының куәсі боласыздар, — деп Бауыржан Кеңесбекұлы алғашқы жеңімпаздың есімін атады. Сөйтіп, «Үздік рефери» номинациясы бойынша жеңімпаз атанған Қайрат Жұманқұлов Қазақстан бокс федерациясының төрешілер жөніндегі вице-президенті Бауыржан Оспановтың қолынан 1 миллион теңгенің сертификатын алды. Одан соң, елімізге танымал жаттықтырушы, бокс федерациясының вице-президенті Юрий Цхай Ержан Оспанбаевты «Үздік төреші» номинациясын жеңіп алуымен құттықтап, оған 1,5 миллион теңгенің сертификатын салтанатты жағдайда табыстады. Қазақстан ұлттық бокс құрама командасының жаттықтырушысы, халықаралық дәрежедегі үш жұлдызды төреші Мырзағали Айтжанов өз кезегінде төреші Наталья Цойға «Халықара-

лық дәрежедегі үздік төреші» номинациясы бойынша 1 миллион теңгелік сертификатты тапсырды.

Шара барысында өткен Қазақстан мен Өзбекстан боксшылары арасындағы жолдастық кездесуде шаршы алаңға шыққан 20 былғары қолғап шеберінің қай-қайсысы болса да, өздерінің күшқуатын көрсетуге тырысты. Өкініштісі, 56 келі салмақ дәрежесінде өзбекстандық Миразиз Мирзахалиловпен қолғап түйістірген қазақстандық боксшы Қайрат Ерәлиев бұл жолы өте сылбыр қимылдады. Өйткені бұған дейінгі республикалық, әлемдік жарыстарда атой салып, талай рет жүлдегер атанған Қайрат Ерәлиевтен қазақстандық көрермендер тамаша ойын өрнегін күткен-ді. Алайда еліміздің еңбек сіңірген спорт шебері Қайрат бауырымыз бұл жолы жасындай жарқырай алмады. Сайыс әдеттегі жолдастық кездесу болған соң, бар күш-жігерін жұмсамады ма қайдам, әйтеуір ұпай санымен ұтылды. Десек те, Қайраттың «ойында озған, шында озар» деген халық мақалын әрдайым бойтұмардай ұстанғаны жөн секілді. Қуаныштысы сол, Қайраттан кейін 61 келі салмақта шаршы алаңға шыққан Санатәлі Толтаев өзбекстандық Шукуржон Рахимовқа өзінің оңай алына қоймайтынын дәлелдеп бақты. Сөйтіп, оның үш раундта да мерейі үстем болды. Санатәлінің жеңісіне қуанған көрермендер «Жарайсың, Санатәлі!.. Қайрат үшін есе қайтардың!.. Азамат-

сың!..» деп даурығысып, орындарынан өре түрегелді. Талай биіктерді бағындырып, дүниежүзілік додалар мен чемпионаттарда сан мәрте еліміздің намысын қорғаған, жүлделі орыннан көрініп жүрген тәжірибелі боксшы Данияр Елеусінов рингке жетінші болып шығып, әдемі ойын өрнегін көрсете білді. Қарсыласы Бобоусмон Батуровтың қарымын байқағысы келген болса керек, Данияр алғашқы екі раундта жай қимылдады. Үшінші раундта қарсыласын жойқын соккының астына алып, өзінің өзбекстандық боксшыдан көшілгері екенін байқатты. Жасыратын түгі жоқ, бұл жолғы жолдастық кездесуде бокс сүйер қауымның ықыласына бөленген шебердің бірі жас былғары қолғап шебері Қамшыбек Қоңқабаев болды. Басқаны қайдам, өзіне қарсы шапқан өзбекстандық пері Роримшо Профсорды Қамшыбек тура қамшымен ұрғандай үш раунд бойы сабады. Сойқан соккының салдарынан өзбекстандық боксшы үш мәрте нокаудқа түсіп, әбден әлсіреді. Осылайша, Қамшыбек жеңіс туын бір саты жоғары көтерді. Осы жолдастық кездесуде 91 келіде рингке шыққан қостанайлық Антон Пинчук дене бітімімен, қимыл-қозғалысымен һәм дауылды соккысымен көрерменнің көзайымына айналды. Егер жалықпай жаттығар болса, дәл осы Қамшыбек пен Антонның алдағы уақытта әлемдік додаларда биік тұғырдан көрініп, еліміздің көк туын желбірететіні ақиқат. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, қазақ-өзбек былғары қолғап шеберлерінің кездесуі шынайы достық жағдайда өтті.

БӘРЕКЕЛДІ!

ҚАЛАМГЕРІМІЗ АҒЫЛШЫНША СӨЙЛЕЙДІ

Алдағы бес жылда қазақтың 25 ақын-жазушысының кітабын ағылшын тіліне аудару жоспарланып отыр. Бұл туралы Халықаралық Қазақ ПЕН клубының президенті Бигелді Ғабдуллин мәлімдеді.

Серік ЖОЛДАСБАЙ

Астанада Оралхан Бөкейдің «Кісі киік» кітабының ағылшын тіліне аударылған нұсқасы көпшілікке таныстырылды. Бигелді Ғабдуллинның айтуынша, қазақ әдебиетінің жауһарларын ағылшын тіліне аудару — өте маңызды шаруа. Сондықтан да ол алдағы уақытта бұл іске Үкімет қолдау көрсетуі, жұмысты жандандыра түсу керек деген пікірде.

— Қазіргі таңда дүниежүзінің жартысы ағылшын тілін біледі. Сондықтан да біз әдебиетімізді насихаттағымыз келсе, шығармаларымызды ағылшын тіліне аударуымыз керек. Әйтсе де, кітаптың аударылуына келгенде баспа мәсе-

лесіне мән беруіміз қажет. Өкінішке қарай, біздің аударған кітабымыз Франкфуртта немесе Нью-Йорктағы кітаптар жәрмеңкесіне қойылмайды. Сондықтан, кітаптың қай баспадан шыққанының маңызы өте зор. Сәтін салса Сәкен Жүнісовтің шығармаларын, Қадыр Мырза Әлінің, Махамбеттің өлеңдерін аударғымыз келеді. Бірақ поэзияны аудару өте қиын. Сонымен бірге, алдағы бес жылда Қасым Аманжолов, Мұхтар Мағауиннің кітаптарын тәржімалауды жоспарлап отырмыз. Осы арқылы қазақ әдебиетін шетелдіктерге таныстыруға күш салып жатырмыз, — дейді ол.

Оралхан Бөкейдің «Кісі киік» кітабын ағылшын тіліне аударған азаматтың бірі — Саймон Холлингсворт. Ол аталған туындығы Саймон Геген атты отандасы екеуі аударғанын айтады.

— Қандайда бір шығарманы аудармас бұрын әуелі оны дұрыстап ұғынып, егжей-тегжейлі түсініп алу керек. Яғни, автордың үнін сезінбесеніз, туындының негізгі мағынасынан ауытқып кетуіңіз мүмкін.

Сондықтан да біз Саймон Геген екеуіміз Оралхан Бөкейдің кітабын алты ай ішінде аударып бітірдік. Бұған дейін Саймон екеуіміз орыс тіліндегі кітаптарды ағылшын тіліне тәржімалаумен айналысқан болатынбыз. Халықаралық Қазақ ПЕН клубымен танысканнан кейін маған Герольд Бельгердің кітабын аудару туралы ұсыныс түсті. Ол кісі туындысын орыс тілінде жазғаннан кейін әлбетте күрделі болған жоқ. Келесі жобамыз Әуезовтің әңгімелері еді. «Қараш-Қараш» пен «Көксеректен» бастап, Саймон екеуіміз Мұхтар Әуезовтің бірнеше туындысын ағылшын тіліне тәржімаладық. Енді Оралхан Бөкейді аударып отырмыз, — дейді ол.

Белгілі публицист Бигелді Ғабдуллиннің ұйытқы болуымен «Біз — қазақтармыз...» атты жоба басталып, бірнеше қазақ классигінің туындылары ағылшын тіліне аударылды. Олардың ішінде Мұқағали Мақатаев, Бердібек Соқпақбаев, Олжас Сүлейменов, Әбіш Кекілбаев, Герольд Бельгер және Смағұл Елубаевтың шығармалары бар.

ПІКІР

ЖАҢА НҰСҚА ТАРТЫМДЫ ДА ТИІМДІ



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қазақ тілінің латын графикасына негізделген, апострофты ақутқа ауыстырған әліпбиінің жаңа нұсқасын бекітті. 6 ақутты (ноқатты) әріпті және де жаһандық тіл — ағылшыннан үйреншікті болып кеткен «ш», «ч» әріптерінің қосақ таңбасын пайдалану әлдеқайда тиімді әрі эстетикалық тұрғыдан алғанда тартымды шықты. Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаевтың пікірінде айтылғандай, әліпбидегі апостроф арнайы белгі ретінде барлығын бөліп тұрып, интернеттегі іздеу мен қаржы қызметінде

қиындықтар тудыратындығы өз алдына маңызды, әрине. Бірақ қазікем айтпақшы, «қарағанда көз тоятындай» болу да әліпбиге қажет деп ойлаймын. Әріптердің екеуін есептемегенде, қалған 30-ына бір дыбыс, бір таңба келіп тұрған соңғы нұсқа — көпшілік пікірінің ескерілгендігінің айқын көрінісі. Ендігі жерде мәселе сөзден іске тезірек көшіп, жаңа әліпби нұсқасының тиімді өміршешендігін дәлелдейтіндей бағдарламалар жасап, оны көпшілікке түсіндіре отырып тарату қажет. Жалпы, жұрт болып талқылаған әліпби нұсқасы болашақтың өсем де қойлайы тіл-таңбасына айналып, көптің керегіне жарайтын болсын.

Актолқын
КҰЛСАРИЕВА,
Абай атындағы
ҚазҰПУ-дың
Ғылыми жұмыс және
халықаралық
ынтымақтастық
жөніндегі проректоры

АРА

«Күлкінің жеңбейтін дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» – ара болады, шаққан жері жара болады».

Оспанхан Дүбәкіров



«Күле білу – өмір, күлдіре білу – өнер, күлкі болу – өлім».

Сейіт Кенжеахметұлы



24.02.2018 ж.

«Айқынның» сатирапық қосымшасы



БІРЕУ ИТТІК ЖАСАСА: «ИТ АДАМ ЕКЕНСІЗ ҒОЙ!» ДЕП РЕНЖІП ЖАТАМЫЗ. «ӨЙ, ТАУЫҚ ЕКЕНСІЗ ҒОЙ?» ДЕМЕЙДІ. СОЛАЙ ДЕСЕК ТЕ, ИТ – ЖЕТІ ҚАЗЫНАНЫҢ БІРІ. ИТ ТУРАЛЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР ЖҮДӨ КӨП. «БІР ИТ КӨРІП ҮРЕДІ, БІР ИТ ЕРІП ҮРЕДІ...», «ИТ ТОЙҒАН ЖЕРІНЕ, ЕР ТУҒАН ЖЕРІНЕ», «ЖАҚСЫ ИТ ӨЛІГІН КӨРСЕТПЕЙДІ» ДЕП КЕТЕ БЕРЕДІ. АЛ ТАРИХТЫ ИСКЕСЕК, МЕШІН ЖӘНЕ ТАУЫҚ ЖЫЛЫНА ҚАРАҒАНДА, ИТ ЖЫЛЫ ХАЛЫҚҚА ЖАЙЛЫ, БЕРЕРІ МАЙЛЫ, БӘРІ САҚАДАЙ САЙЛЫ СЕКІЛДІ. ҚАРАҒЫЗ, 1920 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА МАЛ ҚЫРЫЛЫП, ОЛ «ТАС МЕШІН» ДЕП АТАЛДЫ. 1931-1932 Ж.Ж. АЛАПАТ АШТЫҚ ОСЫ МЕШІНДЕ БОЛДЫ. АЛ, ТАУЫҚ ЖЫЛЫ ДА ХАЛЫҚ «ҚЫТ-ҚЫТТАП» КЕТКЕН... 1920-21, 1932-33 ЖЫЛДАРЫ ЖҮТ, АШАРШЫЛЫҚ БОЛҒАНЫ БЕЛГІЛІ. 1968-69 ЖЫЛДАРЫ ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚ ҚЫСЫП КЕП БЕРДІ. ИТТІ ӨЗІМ ДЕ СҰМДЫҚ ЖАҚСЫ КӨРЕМІН. БІРАҚ, КӨРШІНІҢ ИТІНЕ ЖЕТПЕЙДІ ДЕ.

ғой!» деп әңгімесін аяқтады көршім. Ит... Иттер... Биыл ит жылы ғой, ағайын, иттерді құрметтейік! Ит жылы әлемге әйгілі Мать-Тереза, Майкл Джексон, Софи Лорен, Бриджит Бардо, Жак-Ив Кусто, Стивен

етпейді екен! Ал мына сұмдықты қараңыз, Алматы облысында иттерді соғымға соятындар көбейген. Есім Асқарұлы деген ит қасапшысы теледидардан сөйлеп, көршілерінің өзі сойған ит еттерін талап алып кететінін айтқанда, аузым ашылып қалыпты. «Мал еті қымбат, сосын ғой ит етін жейтініміз» деп ақталады. Дәрігерлер иттерде түрлі жұқпалы аурулардың бар екенін айтып, барабан қағуда. Эхинококты айтсаңшы! Иттерді құрметтейік, ағайын! Әлемде иттердің 706 тұқымдасы бар екен. Қазақы төбеттерді айтсаңшы? Хош келдің, исі қазаққа қамқор ит жылы!

ПЫСЫ: Айтпақшы, мен жақында бір танысымнан ит сатып алғанмын. Түк үрмейді, ең бомаса күлмейді... Жүз грамм арақ берсем ғана үреді. Бұрынғы ішкіш иесі солай үйретіп қойыпты. Таңертең, о, тоба, «пох-мелье, пох-мелье!» деп үретінін қайтерсің?

Мұхтар ШЕРІМ

«Ауф-ауф»-ты АРШАҚҒАЙЫҚ

Көршінің қызы... Жо-жоқ, көршімнің иті керемет енді, үйіне бара қалсаң. Құлағыңды қыршып жеп, түкіріп тастайтындай, өзіңді талап-талап, бір сұмдықты бастайтындай үреді дейсің. Дарбазасының есігін жартылай ғана ашып:

– Ассалаумағалейкум, ауф-ауф! – дейсің де, бес жүз теңге лақтырып жіберсең, үні өшеді. Екі жүз теңге сермесең, үріп тұра береді. Көршім солай үйретіп қойған. Ал, ұры-қарылар доллар берсе де, сол үргені үрген, үйіне жолатпайды. Сондай ақылды! Мың теңге беріп едім, құйрығын бұлғаңдатып, үйшігіне кіріп кетті де, «ыздашыға» 500 теңге тістеп әкелді. Ақылдысын-ай! Көршіммен көрісіп, баяғы жас кезінде ит жетектеген келіншекке қалай ғашық болғанын сұрадым.

Ол кезде Шымқалада пәтер жалдап тұратынмын. Ауылдан келген бойдақпын. Бір күні біздің подъезден шыққан керемет сұлу-у-у келіншекке ғашық болдым да қалдым! Түймедей көздері бар сабалақ жүнді мәшке итті «бақытты итке» санадым. Сол сияқты мәшке болғанымда ғой, сұлу келіншекпен бірге жатар ма едім деп ойлады. Қатарласа беріп, қағындым:

– Апай, атыңыз кім? – деп сұрадым.
– Атым – Динго.
– Қойыңызшы, иттің аты ғой? Күйеуіңіз бар ма?

– Бар. Аты – Динго.
– Өмірге көзқарасыңыз?
– Дингодай.
«Мына келіншектің мәшкесінің аты Динго болды ғой? Жыным келіп, мәшкені қарғыбауынан босатып жібердім де, өзім жетектеліп жүре бердім. Мәшке сияқты қыңсылап қоямын. Сол бетімізбен пәтерге кірдік. Келіншек

терезеге қарап тұрып шешінді. Мен де... Жо-жоқ бір түрлі үрпиіп тұрмын. Бір кезде «Динго-о!» деді ол бұрылмастан. «Әу-әу-әууу» деп шәуілдедім мен. Келіншек жалт қарады да, халатын үстіне жамыла салып, жетіп келіп, шапалақпен сале-п-сале жібергені. Тұра қаштым. Сол қашқан бойда қазіргі қатыныма үйлендім

Кинг, Уинстон Черчилль, Лайза Минелли, Сильвестр Сталоне, Ги де Мопассан, Виктор Гюго, Александр Дюма, Эрнест Хемингуэй, Сократ, Юрий Гагариндер туылды! Ит жылы келді ағайын! Иттерді құрметтейік! Бірақ, Шымкентте В.Тарасов деген азамат көршісінің итін сойып жеп қойды. Иттерді «уважайть»



Суретті салған Нұрлан ТАЗАБЕКОВ

САТИРАНЫҢ СҰР МЕРГЕНІ



ДЕР КЕЗІНДЕ ДӘУІР РУХЫНА ҮН ҚОСУ – ҚАЛАМГЕРЛІК ҮЗДІК ҚАСИЕТТІҢ БІРІ. АЛ ТҮЙТКІЛ МӘСЕЛЕНІ ТҮРЛЕНДІРІП, ШЫРАЙЫН КІРГІЗЕ ӘРІ ҚЫШҚЫЛЫН СЕУІП, АЙЫЗЫН ҚАНДЫРА ЖАЗА БІЛУ – ҚОЙ БАУЫЗДАҒАН ҚАСАПШЫЛЫҚПЕН БІРДЕЙ. МІНЕ, ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ САТИРАСЫНДА ҚҰБЫЛҒАН ЗАМАННАН ҚАЛМАЙ, ҚОҒАМДЫҚ МӘСЕЛЕНІ УАҚЫТЫНДА ҚАУЗАП ЖҮРГЕН ҚАЛАМЫ ЖҮЙРІК СОНДАЙ ХАС СЫҚАҚШЫ – МҰХТАР МЫРЗА!

ӘДЕБИЕТТЕГІ КУЛКІ ӘЛЕМІНЕ КЕЛГЕН КҮНІНЕН БАСТАП, ҚОҒАМНЫҢ ЖЕГІ ҚҰРТЫ – СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС МАЙДАНЫН АШЫП, ҚАЗАҚ САТИРАСЫ ҮШІН ҚАБЫРҒАСЫ ҚАЙЫСЫП, ЖАНРҒА ЖАНЫ АШЫП ЖҮРГЕНДІГІНЕ «ЫМБАППА», «БЫТ-ШЫТЫҢДЫ ШЫҒАРАМЫН!», «КЕШІРІҢІЗ, СІЗ ЕСЕК ЕМЕССИЗ...», «ТАЛТАЙЫП ТҮРҒЫМ КЕЛЕДІ...» АТТЫ ТӨРТ ТОМДЫҚ САТИРАЛЫҚ ЖИНАҒЫ ДӘЛЕЛ.

ҚАЗІРГІ САТИРАДА ЖАРҚЫРАП ТҮРҒАН, САТИРАНЫҢ СҰР МЕРГЕНІ, ӘЗІЛДІҢ АҚБЕРЕНІ МҰХТАР ШЕРІМ «АЛПЫС – ТАЛ ТҮС» ЖАСТА, АҒАЙЫН. АЛПЫСТЫ АБЫРОЙМЕН АЛҚЫМДАУЫҢЫЗБЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

«АРА»

Шынымды айтсам, сатираға өлердей ғашықпын! – дейді Мұхтар Шерім миығынан жымыып. – Білмеймін, күлкі

дегенде, көжемді төгіп аламын... Жазғанда, кейіпкерлерімді бір ұрғаннан талдырып, айызымды қандырып жазғым келеді... Жымыып жатып

ұйықтаймын, таңертең күліп оянамын... Күліп жүріңіздер, көңілді жүріңіздер достарым! Құдай күлкіден ажыратпасын!

Құдайым-ау, мен де 60 жасқа жымыып, жонданып, қонданып келіп қалыппын ғой?! «Алпыс – тал түс» дейді біреулер. Оның орыспасы да бар: «Шестьдесят – обед...» Сатирада жүрген ақсақалдарымыз бар, жасамысымыз бар, жастарымыз бар, бәріміз сатирадағы құрдастармыз! Мына суретке қараңыздаршы,

бәріміз жастарша киініп алғанбыз, менің алпыс жасқа толуымды қошеметтеген ағаларым Мыңбай Рәш, Ғаббас Қабышұлы, Үмбетбай Уайдин, Төрежан Мәндібай, Көпен Әмірбек, Толымбек Әлімбек, Еркін Жаппасұлы, Берік Садыр, Нұрмахан Елтаев, інілерім Ермахан Шайхыұлы, Нұрлыбек Жұбатқан, Бұлан Жапа, Нұрсұлтан Оқпанұлы бәріміз «Күлкі» кафесінде қымыз іштік, сосын «Сатира» холында қатар тұра қалып, «суретке» түстік! Ойхой, біздер де бір қауым ел екенбіз ғой? Жаса сатира!



Коллаж МұхШЕР-дікі

О ЗАМАН ДА, БҮ ЗАМАН, ПІСТЕ МАЙҒА ШОМЫЛҒАН АДАМДЫ КӨРМЕГЕН, КӨРСЕҢІЗ ДЕ КӨҢІЛ БӨЛМЕГЕН ШЫҒАРСЫЗ? ШЫМКЕНТТІК АЛАЯҚ БЕКЗАТ ДӘРЖАН МАГИСТРАНТ ТА БОЛА САЛАДЫ, МАҚАУ ДА, САҚАУ ДА БОЛА САЛАДЫ, ТІПТІ МИНИСТРДІҢ ЖИЕНІ, ПРОРЕКТОРДЫҢ ІНІСІ, ӘКІМНІҢ ТЫНЫСЫ БОЛА САЛАДЫ.

Ол үшін майда тілі бар, адамгершілігінде бес батпан кірі бар, сөздері жылы, көңілі шыны, бәрін көргіш, байқағыш, аңқауларды алдау үшін не істемеді дейсің?

Бір күні сол Бекзат Дәржан пәтер жалдап, ваннасын пісте майға толтырды да, шомыла бастады. Қасына досы келіп, таңдайын тақ еткізді.

– Есің есікке қысылып, табаныңда мыжылып қалған ба? Пісте майға шомылып жатқаның не? – деп сұрады.

– Үстім майланса, полицейлерге де, алданғандарға да ұстатпаймын.

– Не, үстіңе пісте май жағып, тыржалаңаш қашасың ба?

– Жоға, пісте майға шомылсаң, ұсталмайсың деген ырымды оқыдым, Мұхтар Шерім деген сатириктің сайтынан.

– Өй, ол сатирик қой, әзілдеп жазған да...

– Мейлі. Сондай ырым бар шығар?

Айтпақшы, айтылмаған жырым бар.

– Иә?

– Саған ашар сырым бар.

– Құлағым сенде.

– Алданған студенттердің ата-аналары полицияға арызданыпты. Әсіресе, Гүлзінат Әшімова...

– Тағы не бүлдірдің?

– Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің студенттерін торыма түсірдім ғой. «Жыл сайын 295 мың төлеп жүресіңдер

«БЫТПЫЛДЫҚ, БЫТПЫЛДЫҚ!»

ме? Одан да маған 350 мың теңге берсеңдер, проректор атам арқылы порталмен грантқа ауыстырып беремін!» дедім. Осылай 40 шақты студенттің ауыздарын айға қаратып, 14 миллион теңгені жаратып...

– 14 миллион? Супер алаяқ екенсің, досым!

Пісте майға шомылып жатқан алаяқ орнынан тұрып, сүртіне бастады. «Енді ешкімге ұсталмайтынына» сенімді. Қолынан түк келмейтін досын мазқтап, тілін шығарды да, киіне бастады. Осы кезде есікті біреулер тарсылдатып ұра бастады. Асты суланып қала



Суретті салған Владимир ИВАНОВ

жазған Бекзат бала екінші қабаттағы пәтердің балконына қарай жүгірді. Балконнан төмен қарай секірді. Еңгезердей еркек темекі шегіп тұр екен, тура соның мойнына отыра кетпесі бар ма? Қорыққан анау тура қашты. Бұл ыңқылдап келеді.

– Ассалаума-ма-малейкум, ағатай, мені тү-тү-түсіріңізіші... – деді бұл.

– Өй сен кімсің? Қорқып кеттім ғой? – деді анау да тоқтай қалып.

– Проректордың немересімін. Балаңыз студент болса, грантқа ауыстырамын.

– Ойбай, поли...

Олар полицейлерден қаша жөнелді. Екеуі екі жаққа. Қашып келе жатып, перашкі жеп тұрған студентті қағып кетті. Жерге түскен перашкісін қағып алып, жеп келеді. Қолын сермеп, бірдеңе деп келеді. Тура кинодағыдай... Бір кезде бағдаршамға тоқтап, енді жүре бастаған таксидің үстіне шығып кетті. Жата қалып, әйнегің ашқан таксишіге сұқ саусағын көрсетіп:

– Атамын! – деді. Қорыққан анау ары жылжыды. Бұл «Ауди» есігінің әйнегі ашық жерінен кіріп, рульге отыра қалды. Артына қараса, полицейлер көліктерінің дабылдарын қосып, арасында дауыс күшейткішімен сөйлеп келеді екен.

– Айналайын, Бекзат, тоқташы! Жалынамыз!

Түсіңші бізді? Біз саған жамандық ойламаймыз.

Тек біздің студент балаларымызды грантқа ауыстырып берші! Ақшаңды береміз!

– А?

Осы жерден қиялымды турап салайын, ә...

Оқиға бұлай болған жоқ әрине. Бірақ «Проректор атам арқылы грантқа ауыстырып беремін» деп талайларды тақырға отырғызған Бекзат Дәржан деген біреудің Шымкентте ұсталғаны рас. Бұл дауға проректордың қатысы бар екеніне ата-аналар қаншама сенімді болса да, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің проректоры Дархан Сабырханов ондай студенттің жоқ екенін, тіпті танымайтынын айтып ақталды. Солай болсыншы... Ал, алаяқ «бытпылдықы, бытпылдықы!» деп сайрап отыр, пісте маймен ауызының жиегін майлап отыр...



24.02.2018 ж.

АУЫЛ АЙТҚЫШТАРЫ

КЕШІРІМ

Ерманның үйіне келін түседі. Иса ағаны кешірімге жібереді. Созақ жақтың жолы нашар болғандықтан, зорға жетіп, үйін сұрастырып жүріп тауып алды. Түскен келін бір үйдің жалғыз қызы екен. «Біз елшіміз» деп үйге кіргенде, құдалардың реңі өзгеріп, төргі бөлмеге кіргізеді. Шаршап келіп, жастыққа жантайғаны сол еді, үлкен ағасы Талғат келіп, Иса ағаны мазалайды. Зорға түсіндіріп бола бергенде, адуынды жеңгесі Роза қайта тергеуге алып, оған да шама-шарқынша жауап береді. Бір кезде тағы бір ағасы Исекеңе сұрақ бере бастағанда қасындағы столды үлкен қолымен қатты ұрып: «бәрің жиналыңдар, содан кейін түсіндіремін» деп қатты ашуланады.

Барлығы да тым-тырыс бола қалады. Содан кейін ешкім мазаламай, дастарқан жайып, кешірім береді. Осы оқиға ауыл арасына тез тарап кетеді.

МЕН ДЕ СЕНДЕР СЫЯҚТЫМЫН

КСРО-ның кезі. Алғысты алқымдаған Асекең еңбек ақысын алуға кассаға жақындағанда ер кісілер бір бөлек, әйелдер бір бөлек кезекке тұрған екен. Әйелдер жағында кезек аз болған соң, Асекең соңына барып, кезекке тұрады.

Адуынды бір келін:

– Аға, ана жаққа барып тұрыңыз, ұят болады, – дейді.

Сонда Асекең:

– Айналайын қарақтарым, мен де сендер сияқты болып қалғанмын, – деп жауап береді. Асекеңнің астарлы жауабына түсінген қыз-келіншектер төмен қарап, кезексіз ақша алуға орын берген екен.

АҚ КЕПТЕР

Әлекең зейнетке шыққаннан кейін, анда-санда ақаңнан 100 грамм тартатыны бар. Бір күні басы ауырып, ауыл шетінде тұратын Назар інісінің үйіне барады.

– Үйде ешкім жоқ. Тек қарындасым Әмина бар. Ол бізді мазаламайды – дейді.

Екеуі аздап ұрттап отырғанда Әмина бөлмеге қайта-қайта кіріп, әр затты бір сұрап, әңгімелерін бөле береді. Назар қарындасына ренжіп:

– Сөзімізді бөле бер ме? Есікті қатты жауып қой, – дейді.

Сонда Әлекең:

– Әй, Назар бір ақ кептер ұшып-қонып жүрмей ме? – деп басу айтады. Назар жай ғана жымиып қойды. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген осы екен ғой.

Өмір бар жерде — юмор бар!



ЖАТАҚХАНА

«№5 жатақханахық» комедиясы – Ермахан Ш-АЙХЫҒҰЛЫ

СҮРТКІШ

Әлекең үйдегі жеңгейді ертіп, қала орталығындағы базарға барып, алатынын алып, шаршағаннан кейін, түсіні ас ішуге асханаға бас сұғады. Тамақтанып болған соң, қол сүрткіш сұрайды. Даяшы қыз әжетхананың қағазын әнеп береді. Ашуланған Әлекең, даяшы қызды шақырып, сабырлықпен қолына ұстатып: «мына қағазды керекті жерге пайдаланарсың» деп қолына ұстатады. Ұялған қыз әдемі оюланған қол сүрткіш әкеліп, кешірім сұрайды.

ОЛАҰ-БҰЛАҰ ДЕМЕ

Қалекең – ауылдағы дүрдей бір мекеменің басшысы. Демалыс күні өрістегі малын іздеуге шығады. Көлді жағалап келе жатса, өзінен бірнеше жас кіші інілері демалып, аздап ұрттап жатқанда көңілді отырыс үстінен шығады. Қанша сылтау айтқанымен көңілдерін қимай, ақаңнан аздап алып отырады. Біраз шөлмекті тауысқаннан кейін Қалекең үйдегі жеңгейге: «Айналайын, Гүлеке, олай-бұлай деме, мына баладан таза екеуін және тіске басар бірдеңелер беріп жібер. Қызылордадан үлкен басшылар келген екен. Көл жағасында кездесіп қалдық» деп тілдей хат жазып жібереді. Үйден жақсылап сәлемсаухат келгеннен кейін отырыс қыза түседі. Барлығы аяқталған соң, Қалекең інілерін үйіне шақырады. Олар барғысы келмесе де қиылып тұрғасын амалсыздан көнеді.

Қалекең үйіне кіріп:

Ақаңнан ұрттап,

Ол миды қозғап,

Алдырдым інілерімді

Қаладан шақырып, –

деп әндетіп кіргенде Гүлекең түсініп, амалсыздан күліп жібереді.

ҚАРЫН ТОҚ БОЛАДЫ

Әлекең жастайынан еңбекқор, шаруаға икемі ерекше адам болатын. Қой, ешкі, сиырды семіртіп, кімге қажет болса, соған сойып береді. Ақшасын бір жыл көлемінде бөліп берсе, соған риза болады. Машина айдауды да үйренді. Айына екі рет сол машинамен базарға барып, қой, ешкі сатып әкеледі. Машинасын мүлдем тазаламайды. Малдың иісі мұңкіп тұрады. Бірде құрдасы Марат машинасына мініп, мұрнын басып, малдың иісі шығып тұрғанын астарлап жеткізеді. Сонда Әлекең ойланбастан:

– Машина боқ болса, қарын тоқ болады, – деп күле жауап береді. Марат досы өзінің жеңілгендігін мойындап, күле берді.



Қыдыр ҮСЕН

Суретті салған
Валентин ДУБИНИН

CARTOONBANK.RU

Шаржды салған
Нұрлан ТАЗАБЕКОВ



ОСПАНӘЛИ ИМАНӘЛИЕВ! БҮЛ ЕСІМ СҮҢГІДЕЙ ӨТКІР СҮҢҒЫЛА САТИРАНЫҢ, ПАЙЫМДЫ ПРОЗАНЫҢ, ТҮМАДАЙ ТҮНЫҚ ЛИРИКАНЫҢ БАЛАМАСЫ СЕКІЛДІ. ОЛ ОСЫ ЖАНРЛАРДЫҢ ЕШБІРІНЕ БӨТЕН БОЛҒАН ЖОҚ, КЕРІСІНШЕ ӨЗ БАЛАСЫНДАЙ ЖАҚЫНДЫҒЫН ТАНЫТТЫ. ОНЫҢ ТҮЫНДЫЛАРЫН ОҚЫҒАН ЖАН ҚАЛАМҒЕРДІҢ ҚОҒАМДАҒЫ РУХАНИ АУРУ АТАУЛЫНЫҢ БІРІН ҚАЛДЫРМАЙ, ТҮГЕЛ ТҮЙРЕГЕНІН АҒҒАРАДЫ. АРАНЫҢ САДАҒЫН АСЫНЫП, САТИРАНЫҢ УЫТЫМЕН КҮЙДІРМЕГЕН КЕСЕЛІ, ДӘРІЛЕМЕГЕН ДЕРТІ ЖОҚ. ҚОҒАМ КЕЛЕҢСІЗДІКтерімен АЯУСЫЗ КҮРЕСКЕ ҚАЛАМЫН ҚАЙРАП ТҮСКЕН ОСЫНАУ СЫНДАРЛЫ СЫҚАҚШЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР. ӨМІРІНІҢ ӨРЛІ ДЕ НӘРЛІ КЕЗЕҢІН САТИРАҒА САЛҒАН ӨТКІР ОЙ ИЕСІНІҢ СОҒЫНА ҚАЛДЫРҒАН МҰРАСЫ АЗ ЕМЕС. «МЫҢ ЕСТІГЕННЕН БІР КӨРГЕН АРТЫҚ!» ОСПАНӘЛІ АТАМЫЗДЫҢ ОСПАҒЫН ӨЗІҢІЗ ОҚЫП КӨРІҢІЗ, МІНЕКЕЙ, ОҚЫРМАН!

Түртіп алды

Баллық отыр басы қатып,
Рас,
Ойнап жүрген жоқ асық атып.
Қауырт жұмыс бар,
Уақыт жоқ тыныстар.
Үрпитіп жақ түктерін,
Шақырды шұғыл активтерін,
– Қайта-қайта званок,
Миымды қатырып жүр күзден-ақ.
Ұтылсақ ұтылайық,
Спорт деген бәледен құтылайық.
Кімдер бар жүгіруден сарапқа алар?
– Зәрубайдың бұты ұзын, жарап қалар.
Баллық, түртіп алды.
– Әлі келсін-келмесін тіресуге,
Кімдерді жібереміз күресуге?
– Балпан барсын,
Бәрібір ұйқыдан бас көтермейді.
Жықса жықты, жықпаса
Жамбасының еті өлмейді.
Баллық түртіп алды.
– Боксқа ше?
– Бокс деген жұдырық па?
Жотаң оған жарамай жын ұрып па?
Жүз грамм жұтса көбін жаралайды,
«Өлдім» десе оллаһи, қарамайды.
– Өнері бар ма еді аздаған?
– Ойбай, ақсақал, жақында қызып алып,
Бір ауылды қырып кете жаздаған.
Баллық түртіп алды.
– Футболға бір топ адам!
– Ой, ой, бәсеке, атамаңыз,
Жұмыс біткен тоқтайды одан.
Жіберейік пенсионер шалдарды.
Қасқыр қырмаз бір күнге

Жекеменшік малдарды.
Жарамаса қайтып келер,
Көргендерін айтып келер.
– Ендеше дайындалсын,
Сақал мен мұртын алып.
Бастық солай бұйырды
Түртіп алып...

Түртіп еді

Баллық ұштап қаламын,
Қағазын жайып отыр.
Ұнатқанын біртіндеп

Түртіп алуға дайын отыр.
– Бәле боп тұр өнерпаздар үйірмесі!
– Ой, бәсеке-ай, күйінбеші,
Былырғы спорттан да құтқардыңыз.
– Одан да демеісің бе чуть қалдыңыз.
«Спортты ақсаттың» деп ұшыра
жаздады,
Мына ерің содан ұшына жаздады.
Тағы да сөйтіп барсақ оңдыра ма,
Кімдер бар ойнайтұғын домбырада?!
– Танау бар,
Бірақ ол ағаш кесіп қиырда жүр.
Қалау да тартар еді,
Сиырда жүр.
– Ойбай, қозғама,
Сиырдың аты сиыр ғой,
Бәлеге тым үйір ғой.
Табыңдаршы басқа бір ақылын?!
– Ендеше біздің ауыл мақұрым!
Баллық түртіп еді.
– Кім бар кәне, билейтін?
– Жұмағыз бар,
Билегенде еденді балшықтай ғып
илейтін.

– Е, онда бітті!
– Ойбай, бәсеке, түртпеңіз,
Ол келішек жүкті.
Секірмек түгіл іші ауырады күлгенде.
– Қап, құдайдың атқаны-ай!



Ондайын білгенде...
Баллық түртпеді.
– Ән айтатын кім бар кәне, еркектен?
– Балпан бар,
Әнші боп туған жөргектен.
Бірақ аздап градусын көтермесе,
Қып-қызыл боп жәтелмесе,
Сахнада тиеді оған ықылық.
– Ой, мақұлық!
Онда несін ұсынып отырсың?
– Енді қайтейік, бәсеке-ау,
Қысылып отырсың!..
Баллық түртпеді,
Өйткені кеі қалып отыр.
«Бұрын ойлау керек еді» дегенді
Енді ғана еске алып отыр...

Жұлдыз

Жұлқы деген құдық бар.
Ал менде бір күдік бар.
Осы жұлқының түбі жоқ.
Бұл антұрған жүрген жерде
Жылқының түгі жоқ,
Түйенің қомы жоқ,
Қойдың қоңы жоқ.
Жоғары қараса, аспанды жұтады.
Күн бір ұртынан шығады,
Ай бір ұртынан шығады.
Түн желкесінен шығады.
Жұлдыздар «сөмкесінен» шығады.
Төмен қараса, жерді жұтады,
Өзіңмен кеткір елді жұтады.
Көзін жұмса, жылым.



Енді өздерің ұғын!..



Суретті салған
Нұрлан ТАЗАБЕКОВ

Пайдакүнем Петр

Ресейдің Ішкі істер министрлігіне тыным болмай кетті-ау тегі. Жемқор офицер шықса, осы органнан шыға беретін болды ғой. Бірі сотталып бітпей жатып, екіншісі ұсталып қалып жатыр. Жегіштің бәрі сонда жиналып алған ба, немене? Енді, анау-мынау емес, жоғары шенді офицер! Президент В.Путин өз жарлығымен полиция генерал-лейтенанты Петр Гришинді РФ ІІМ сараптама-криминалистік орталығының бастығы қызметінен босатты. Әрине, жайдан-жай емес, жан-жақты тергеуге кедергі болмауы үшін. Генерал өз орынбасары Олег Мазур екеуі кәсіпкер Сергей Нарутовпен келісіп, бюджет ақшасын жеп алған. Криминалистік жабдықтар сатып алу кезінде өз

бағасынан 80 миллион теңгеге артық бағалап, шын мәнінде жұтып жіберген.

Ашулы әңгіле

Ал Қытайда одан да жоғары лауазым иесі парақор боп шықты. Қытай коммунистік партиясы Орталық комитетінің мүшесі Сунь Чжэнцай айыпталып отыр. Қытай Жоғары халық прокуратурасы тергеуге білек сыбана кірісіп кетті. Қылмысы дәлелденген жағдайда өлім жазасына кесілуі бек мүмкін. Коммунизм салтанат құрған жалғыз елде ондай биік лауазымда жүріп, пара алған адамды тірі қою екіталай. Мұндайда айдаһар елдің оңаша жерге апарып, шүйдеден тарс еткізетіні бар. Иә. Бірақ, неге сонда да жемқорлық жойылар емес? Түсіне алмаймын. Адам

өлетінін біліп тұрғанда, ақша түгілі ас жей алмайды ғой. Ал бұлар қызық! Жеген ақшаңның қызығын көрместен атылып қалатын болсаң, онда не керегі бар жемқорланып?

КЛИНТОН КІНӘЛІ МЕ?

Үшінші алпауыт ел АҚШ та құр қарап отырматпы, ол жақта да өте биік дәрежелі кісіге айып тағылып, у-шу боп жатыр. Тек дәрежесі ғана биік емес, ол әлемге танымал саясаткер. Иә-иә, кәдімгі Хиллари Клинтон. АҚШ-тың бұрынғы мемлекеттік хатшысы. Бұрынғы президент Билл Клинтонның ханымы. Сол баяғы, мемлекеттік хатшы кезіндегі бір ісі басына бәле боп жабысып отыр. Клинтон қорының

демеушісі, бангладештік банкир Мухаммед Юнусты қорғаймын деп, өкілеттігін өз пайдасына жаратып қойыпты. 100 миллион доллар қаржыны жымқырдың деп, Юнусты қызметінен босатқан Бангладеш премьері Хасина Вазедке хабарласып, Юнусты Грамин банк басына қайта қоюын талап еткен, тіл алмаса, Хасинаның АҚШ азаматы болып табылатын баласын аудиторлық тексеріске салып, салық комитетін төндірем деп қорқытқан. Әне, Хиллари сөйткен. Оның үстіне дәл сол жылы Бангладешке 1 миллиард доллардан астам қаржы берейін деп тұрған Бүкіләлемдік банк райынан қайтып қалған. Өйткені оның негізгі акционері АҚШ еді. Осы мәселенің қыртыс-қыртысын ашу мақсатында Сенат заң комитетінің бастығы Чак Грассли тергеу ашты.



Е-е, алпауыт елдің қай-қайсы да жарап тұр! Құзыретін өз пайдасына жарату мен парақорлық және жемқорлық жағынан да алпауыттық мінез танытуда.

«Ара»

<p>НҮР-Медиа Меншік иесі – «Айқын газеті» ЖШС</p>	<p>Директор – Бас редактор – Нұртөре ЖҮСІП</p>		<p>Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді ТАРАЛЫМЫ: 40 000</p>	
	<p>Көпен ӘМІРБЕК Редактор</p> <p>Нұрсұлтан ОҚПАНҰЛЫ жауапты хатшы</p>	<p>Мұхтар ШЕРІМ арнаулы тілші</p> <p>Бұлан ЖАПА тілші</p> <p>Фарида ҚАПЕЗОВА беттеуші-терімші</p>	<p>РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:</p> <p>050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, – 79, 3 қабат Байланыс телефоны: Алматы (727) 315-04-84. e-mail: ara-kz@mail.ru</p>	<p>Кезекші редакторлар: Жолдасбек ДУАНАБАЙ, Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ</p> <p>Тапсырыс №31(3299) Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77</p>

Арнайы рұқсат алып, шетелге сапарлау оңайға түспейді. Консулдықтағы қызметкер виза алуға келген азаматтың басынан бақайшағына дейін тексеріп, барлық мәліметтерін сарапқа салады.

Әр консулдықтағы талап-тәртіп сан түрлі. Виза алуға өтініш білдірген азаматтың қандай да бір қылмысқа катысы жоқтығы, бара калған күнде ол елде өзін қаншалықты салауатты ұстай алатындығы ескеріледі. Өзі жайлы, қызмет орны, телефон нөмірі туралы жалған мәлімет ұсынса – виза алу мүмкіндігі құлдырай түседі.

БҮДАН БӨЛЕК:

- Өзі баратын елдегі туыстары туралы мәліметті анкетада көрсетпесе немесе ол туыстары виза тәртібін бұзса;
- Құжаттың беті жырылған, қандай да бір жағдайда бүлінген болса;
- Фотография консулдық талабына сай келмесе;
- Сапарға баратын азаматтың қаржылық жағдайы жеткіліксіз болса, виза иелену мүмкіндігі төмендей бермек.

Кей мемлекеттер медициналық сақтандыруға да мән береді. «Сапардың мақсаты не?» деген сұраққа да анық жауап берген абзал – туризм, бизнес, білім алу, жұмыс істеу... Консул офицерінен қарсылықты жауап алып, визасыз қалу – оның енді қайтіп шетелге сапар шеге алмауын аңғартпайды. Бірақ келесі жолы виза алу мейлінше күрделене түседі. Осы ретте елдер арасында визасыз режимнің енгізілуі – өте маңызды. Мұндай жағдайда азаматтар тек төс қалтасына төлқұжатын салып, әуежайға уақытында келсе де жетіп жатыр. Визасыз режим – кейде біржақты қатынас түрінде, кейде өзара кепілдік тұрғысынан енгізіледі. Бұл ретте тек төлқұжаттың типтері бойынша ғана шектеу болуы мүмкін. Визалық шектеулер индексін есептеп бас қатыратын халықаралық Henley & Partners консалтингтік компаниясы ұсынған мәлімет бойынша, визасыз сапарға шығу құқығына көп ие болған мемлекеттер – Ұлыбритания, Германия, АҚШ, Финляндия, Швеция (174 елге шыға алады) екен. Одан кейін тұрған Дания мен Канада азаматтары әлемнің 173 мемлекетіне еркін саяхаттай алады. Индекс – тек жалпы азаматтық төлқұжатты есепке алған. 2017 жылдың соңындағы қорытынды бойынша Қазақстан азаматтары әлемнің 71 еліне визасыз шыға алады. Көш соның Ауғанстан (24 ел) түйіндейді.

Транзиттік виза – мемлекет аумағында үш тәулікке жетпейтін уақыт ішінде (72 сағат) билетпен немесе арнайы тоқтау (аялдау) құқығымен транзиттік сапар жасауға мүмкіндік береді. Қазақстан транзиттік визасыз режим тұрғысынан мына елдерде өзін «суда жүзген балықтай» еркін сезіне алады: Гондурас, Гватемала, Босния және Герцеговина, Мексика, Белиз, Панама, Румыния, Сальвадор, Черногория.

Қазақстан көптеген елдерге визасыз режим ашқан. Ішкі туризмді дамытып, нарыққа қаржы құяды деп есептелінетін – Ресей, Қытай, Иран, Үндістан, АҚШ секілді дамыған елдер азаматтары елімізге еркін келіп кетеді. Мәсе-

лен, EXPO – 2017 халықаралық көрмесі кезінде ҚХР, Үндістан, Иран үшін 72 сағаттық визасыз транзиттік режим енгізген болатын.

Визаның да сан түрі бар.

Дипломатиялық виза (A1, A2) – саяси, үкіметтік тұлғаларға; Қызметтік виза (A3, A4) – ресми іссапарға шығатын, шетелдік делегация құрамындағы азаматтарға; Инвесторлық виза (A5) – инвестициялық қызметпен айналысатын заңды тұлғаларға; Іскерлік виза (B1, B2, B3) – конференция, симпозиум, форум, көрме, концерт, мәдени, ғылыми шараларға қатысушыларға беріледі. Бұдан басқа, автомобиль тасымалын жүзеге асырушыларға, әуе, теңіз экипажының мүшелеріне, діни шараларға қатысушыларға, оқу тәжірибесінен өтушілерге, емделушілерге арнайы визалар жиынтығы қарастырылған.

Henley & Partners компаниялар тобының төрағасы Кристиан Келлиннің айтуынша, былтыр визасыз режим мүмкіндігін жойған елдер саны көп емес.

– Бірқатар елдер шекаралық бақылауды күшейтіп жатса, біразы мейлінше ашық. Өйткені олар халықаралық сауда, миграция және

туризмнен келетін экономикалық тиімділікті пайдаланып қалғысы келеді. Қазір адамдар қаржылық мүмкіндіктерге жол ашу үшін жер шарының қай тұсына да сапар шегуге әзір. Жаһандық мобильді жылдамдық күшінде тұр. Біз мемлекет-



ВИЗАСЫЗ САПАР ШЕГІҢІЗ



Қазақстан азаматтары келесі мемлекеттерге сапар алдында визаны онлайн түрде рәсімдей алады: **Зимбабве, Кения, Габон, Мьянма, Кот-д'Ивуар, Уганда, Сент-Китс және Невис, Сан-Томе және Принсипи, Руанда, Сингапур, Комор аралдары, Шри-Ланка.**

тердің оқшаулануын, елдер арасындағы антимиграциялық саясатты бақылап отырмыз. Ұлыбритания Брексит құрамынан шығып кетуі мүмкін болғандықтан, 2018 жылдың ауанын дәл қазір тап басып айту қиын, – дейді ол.

Жуырда ғана Сыртқы істер министрлігі Біріккен Араб Әмірліктеріне (БАӘ) сапарлау үшін визасыз режим енгізілгенін жария етті. Ереже 10 наурыздан бастап күшіне енгізілді. Алдағы уақытта Израиль, Куба, Таиланд, Чили елдеріне сапарлау сәтінде визаны алып тастау мәселесі қарастырылып жатыр. Қантар айында АҚШ-қа сапары кезінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та виза мәселесіне тоқталған. «Қазақстан Америка азаматтары үшін визасыз режим енгізді, бұл мәселеге қарымта жауап күтеміз» деген еді Дональд Трамппен кездесуде. Төменде СИМ аппараты негізінде, Қазақстанның қай елдерге визасыз сапар шеге алатыны туралы дерек келтірілген.

Әзірбайжан	30 күнге дейін
Албания	90 күнге дейін (біржақты келісім – туристік мақсатта)
Аргентина	30 күнге дейін
Армения	Визасыз режим
Барбадос	28 күнге дейін (біржақты келісім – туристік мақсатта)
Беларусь	Визасыз режим
Бразилия	30 күнге дейін
Гонконг	14 күнге дейін
Грузия	90 күнге дейін
Израиль	Визалық талаптан босату туралы құжат жобасы келісіліп жатыр
Индонезия	30 күнге дейін (біржақты келісім – туристік мақсатта)
Колумбия	90 күнге дейін (біржақты келісім – туристік мақсатта)
Оңтүстік Корея	30 күнге дейін
Коста-Рика	90 күнге дейін (біржақты келісім – туристік мақсатта)
Куба	30 күнге дейін (әлі күшіне енген жоқ)
Қырғызстан	Визасыз режим
Макао	Визалық талаптан босату туралы құжат жобасы келісіліп жатыр
Македония	90 күнге дейін (біржақты келісім – ұлттық төлқұжат иелерін визалық талаптан босату туралы құжат жобасы келісіліп жатыр)
Малайзия	30 күнге дейін (біржақты келісім – азаматтарды визалық талаптан босату туралы құжат жобасы келісіліп жатыр)
Молдова	90 күнге дейін
Моңғолия	90 күнге дейін
Намибия	Визасыз режим (біржақты келісім – туристік мақсатта)
БАӘ	30 күнге дейін (2018 жылдың 10 наурызынан бастап күшіне енеді)
Ресей	Визасыз режим
Сейшель аралдары	Визасыз режим (біржақты келісім)
Сербия	30 күнге дейін
Тәжікстан	Визасыз режим
Таиланд	Азаматтарды визалық талаптан босату туралы құжат жобасы келісіліп жатыр
Түркия	30 күнге дейін
Өзбекстан	Визасыз режим
Украина	90 күнге дейін
Филиппин	30 күнге дейін (біржақты келісім)
Эквадор	30 күнге дейін

Мойындалмаған /ішінара мойындалған/ даулы территорияларға сапарлау:

Абхазия:	14 күнге дейін визасыз режим
Палестина:	визасыз режим
Таулы Қарабақ Республикасы:	жеткеннен кейін виза алады (30 күнге)
Сомалиленд:	визасыз режим
Солтүстік Кипр:	визасыз режим
Оңтүстік Осетия:	визасыз режим

Біз әңгімелеп отырған Есенгелді Сүйіновтің ата-бабалары бір кезде талай ғасыр осы Қызбел баурайын жайлап, кейін Солтүстікке, Көкше жеріне ығысқан болар. Есенгелді Көкшетау мен Қостанай құшағында өмір сүріп, өзінің жастық жылдарын, жақсы жырларын, қаламгерлік қарым-қабілетін осы өңірлерде өткізді. Есенгелді өзінің балалық, балғын кездерінде алғаш көрген ақыны – Таңатқан Сәтбаев деп сөз етеді. Ал осы Таңатқан Сәтбаев өзінің бүкіл өмірін Қызбел құшағында өткізген, шынын айтқанда, кешегі ел-жұртымыз атын атаудың өзіне қаймыққан атақты Міржақып Дулатовтың немерелерінің бірі болатын. Сөйтіп, кешегі Тәуелсіздік кезеңі келгенше, олар бұл «сырын» ешкімге ашпай, тіс жармастан өтті.

Есенгелді бір әңгімесінде сол Қызбел жайлауындағы Сәтбай ауылына – Таңатқанға талай келгенін айтады. Таңатқанның жасы менен үлкендеу болғанымен, ел-гезек інідей араласқан еді. Мен де Қызбелдің «Құмшалғындағы» (Міржақыптың кіндік қаны тамған жер) Сәтбай ауылына келіп, Таңатқанға жиі жолығып жүрген кездерім көп болды.

Таңатқан Міржақыпқа туыс болған соң, ауыл-елі, ата-аналары оны онша еркіндетпей, үнемі талантына тұсау салып, тартпақтап ұстады. Тек қана сол өлкеден шыққан атақты сатирик ақын Сейіт Кенжеахметовтің демеуімен ол әр жердегі, әр өлкедегі поэзия жиындарына қатысып, бағын сынап жүрді. Талантты да талапты ақын еді. Тіпті Таңатқан, Сейіт үшеуіміздің сол кездегі Целиноград қаласына (осы күнгі Астана) келіп, Тың өлкесі жас ақын-жазушыларының съезіне, Нұрғожа Оразовтың шақыруымен 1963 жылы болар деймін, келіп кеткен кезіміз де болған. Сол кездегі атақты жазушы-ақындар Ғабит Мүсірепов, Ғали Ормановты, өзіміздің Сыр-аған Мәуленовті Таңатқан екеуміз алғаш рет Целиноградта көргенбіз.

Өмір бойы «Халық жауының қандасы», «Міржақыптың мұрасын жинақтаушы» деген жалған жаладан арылмаған Таңатқанның туыстары сол бір күпті көңілмен күніренген күйі дүниеден өтті. Бұл тәмсіл Таңатқанның өзіне де оңай тиген жоқ. Әйтеуір, жоғарыда айтылған жерлесі – камқор ақын Сейіт Кенжеахметовтің көмегімен аудан, облыс, кейде республика көлеміндегі әдеби шараларға қатысып, өз өмірінде 4-5 кітап шығарып үлгерді. Өлеңдері де ешкімнен кем емес еді, не керек, сол кездегі солақай саясаттың салқыны кеудеден ұрып, шыдатпады. Бір ғажабы, Есенгелді өзінің Таңатқанға жақындығын тіс жарып ешкімге айтқан емес.

Есенгелдінің көкшетаулық ақын Еркеш Ибраһимнің алдын көріп, ақылын тыңдау бақыты, әттен, арманға алабұртқан жас ақынның желігі –Қарағандыда қалуға мұрша бермей, Алматы асып кетіпті. Егер Есенгелді кеменгер ағасы – Еркеш Ибраһимнің ақылымен жүргенде, кеңес

келді. Баяғы қазақтың көреалмаушылығына бой алдырып, қызметке таласып, етектен тартқандар да табылды. Осы кезде Есенгелдіге ара түсіп, қаумалаған қиыншылықтан арашалаған бірден-бір адам – Қостанайдағы қарымды қаламгер, алғашында «Лениншіл жас», кейіннен «Социалистік Қазақстан» газетінің осы облыстағы меншікті тілшісі Байтұрсын Илиясов болды.

Әділін айту керек, Есенгелді Сүйінов облыстық «Қостанай

Мұхамеджан Сералинді еске алу мақсатында желаяқтар марафоны өткізілді.

Есенгелді Сүйінов қазақтың тұңғыш кәсіби журналисі Мұхамеджан Сералиннің өмірін зерттеп, көлемді мақала жазды. Сол еңбегі ескеріліп, Қазақстан Журналистер одағының сыйлығын алды. Сөйтіп, ол талай асу-белестерден асып, өтпелі кезеңдерден өтіп, Тәуелсіздіктің алғашқы таңын Сарыарқа жерінде қарсы алды.

«Есіл» газетін шығарып, бұрыннан өзі игеріп келе жатқан баспагерлік, журналистік қарымын көрсетіп, жігерін шындады. Осының бәрінде де, қиынында да, қызығында да оның асыл жары, қазақтың аяулы ақын қызына айналған Марфуға Бектемірова бірге жүрді. Есенгелді екеуі жалындаған жастық жылдарында сонау шалғайдағы Уәлиханов аудандық «Шалқар» газетінің редакциясында, Көксенгір даласында танысып, қол ұстасып,

ЖАНҒА ЖАЙЛЫ САРЫАРҚА САМАЛЫНДАЙ



кезін өзінде қай оқу орнының да сапасы күшті болған Қарағандының ордалы білім ұясы оны бір биікке шығарып берері анық еді. Мәселен, ғалым, сыншы, қайраткер дегендей.

Алайда табиғатынан тынымсыз, ізденімпаз Есенгелді бұл жолда да есесін жіберген жоқ. ҚазМУ-ге түсіп, қазыналы білім ордасынан биікке қанат қақты. Алған білімін ұқсату үшін аудандық, облыстық, республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында мінсіз қызмет атқарды. Оның ақ көңіл, адал ниетіне орай алдынан үнемі камқор ағалары кездесті. Мәселен, Көкшетауда қажырлы да қайратты, қанатты ақын, жалынды журналист Төлеген Қажыбаевтың қамқорлығында болуы – оның жолын ашып, жігерін шындап отырған.

Қостанай жеріне табаны тиіп, сонда саналы өмірін өткізбек болғанда тағы бір камқор ағасы тап келген. Қазақ радиосының Қостанай облысындағы меншікті тілшісі ретінде еңбек жолын бастаған Есенгелді келе-келе облыстық «Қостанай таңы» газетінің бас редакторлығына дейін көтерілді. Бұған, әрине, сол кездегі облыс басшысы Өмірзақ Шөкеевтің де әсері болмай қалған жоқ. Дәл осы кезде Есенгелдінің алдынан кесе көлденең көп қиындықтар андағайлап шыға

таңы» газетінің бас редакторы қызметін абыроймен атқара жүріп, бірталай игілікті істердің ұйтқысы болды. Ең алдымен редакцияда компьютер орталығы ашылды. Бұрын материалдардың бәрі мәшіңкемен басылып, облыстық баспаханада беттеліп, жасалатын. Енді бұл жұмыстар редакцияның өзінде орындалатын болды. Бүкіл журналистер дербес компьютерлермен қамтамасыз етіліп, жұмыс кабинеттері, жалпы мекенжайдың іші-сырты, шатыры жөнделді. Жаңадан жиназдар сатып алды. «Қостанай таңы» газеті үш рет қатарынан республикалық шығармашылық конкурстарда жеңімпаз атанды. Жер-жерлерде облыстық «Қостанай таңы» газетінің күндері өткізіліп, газет таралымы біршама өсті.

Бұрынғы «Ауыл», қазіргі «Қостанай таңы» газетінің бірінші редакторы, қазақтың тұңғыш кәсіби журналисі Мұхамеджан Сералиннің Қарабалық ауылының Өрнек ауылындағы зираты қалпына келтірілді. Редакция қабырғасына оған ескерткіш тақта орнатылды. Қостанайдағы Сералин атындағы көшеге қиыршық тас төселіп, сол көшедегі ескерткіш тақта жаңартылды. Ұлттық журналистика негізін қалаушының мерейтойы құрметіне жиын өткізіліп, ас берілді. Жыл сайын

Есенгелді Сүйіновтің есімі елге қаламы жүйрік журналист ретінде ғана емес, сонымен бірге, ақын, жазушы ретінде белгілі. Ол – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Мәдениет қайраткері, Мәдениет саласының үздігі, Ақпарат саласының үздігі, Ресей Халықаралық Психология ғылымдары академиясының құрметті академигі. Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласында өткен I Қазақстан Журналистер конгресінің, Атырау облысында өткен II Қазақстан Журналистер конгресінің, Алматы қаласында өткен III Қазақстан Журналистер конгресінің делегаты. 2003 жылы Алматыда өткен Еуразия медиа-форумына қатысқан.

Бірақтар облыстық, республикалық мүшәйралардың жүлдегері. 2016 жылы маусым айында өткен республикалық «Астана Азаттық аясында» жыр сайысының арнайы жүлдесін алған. Республикалық «Жігер» фестивалінің дипломанты.

Өлеңдері «Тың тынысы», «Мерейлі мекен» ұжымдық жинақтарында жарық көрді. «Күңгіртау құпиясы», «Менің елім, менің жерім», «Мақпалды күндер», «Арайлы тан» кітаптарының авторы. Жақында Алматыдағы «Жазушы» баспасынан «Тербеген теңіз әлди» кітабы мемлекеттік тапсырыс бойынша шықты.

Айта берсе, әңгіме көп. Алайда бір жағы жанашыр көмек беретін адамдар табылғанымен, Есенгелдінің өз қажыр-қайраты, күш-жігері кем емес еді. Жүрегінде ары мен иманы таза азамат үнемі жеңіске жетіп отырды.

Отбасымен Астанаға қоныс аударып, бәрімізге камқоршы ұстаз болған қайраткер жазушы, ардақты ақын Нұрғожа Оразовтың қарамағында болып, «Жаңа Сарыарқа» журналына жұмысқа орналасты. Онда да жай қызметкер болған жоқ. Журналдың бас редакторының орынбасары болып, ардақты ағасына жан-жақты көмек көрсетті. Кейіннен өзінше жол тауып, Астанада

табысқаннан бастап, Зеренді көлінің жағасында тұрып, дүниеге тұңғышы – Сандуғаш келгеннен бері Марфуға Есенгелдінің тек асыл жары ғана емес, рухани демеушісі болды. Екеуі бір шаңырақ астында жарасымды өмір сүріп, ұл-қыз өсіріп, бақыт биігінен табылған еді.

Марфуға қазақтың мықты ақыны болғандықтан ба, Есенгелді өз бойындағы табиғи талантты журналистік жолға бағыттаған сынды. Бұл жолда Есенгелдінің өмірі де, еңбегі де жемісті болғанын біршама айтып өттік.

Сол Марфуғамен қанаттаса, қабаттаса жүріп, Есенгелді де ақындықтан өз есесін алып үлгерді. Оған Есенгелдінің оқырмандар жүрегіне жол тапқан жыр кітаптары, әртүрлі басылымдарда жарық көрген өлеңдері дәлел болады.

Әрине, өлең деген сағыныштан туары хақ. Есенгелдінің Торғай, Қостанай, Алматы туралы да өлеңдері аз емес. Алайда өзінің балғын махаббаты, жастық шағы алаулаған, көркем дүние әлемі – Көкшетаудың ол үшін орны бөлек.

Сарыарқаның сары баласы көрінген Есенгелдінің күні бүгін алпысты алқымдап қалғанына тәнті көңілмен әрі таңғала қараймын. Таңғалатыным – күні кеше көзіңе жап-жас, бозбала көрінген іні Есенгелдінің ел ағасы жасына жетіп, егделікке қарай қадам басқаны.

Тәнті болар себебім, осынау жасқа Есенгелді алқынбай, баяғы тұлпардай желіген күйінде осынау белеске жетіп келгені. Өйткені оның жан-дүниесінен, көңіл күйінен қашан да өзі туып-өскен Сарыарқаның шуақты самалы есіп тұрады. Есенгелдінің ерекшелігі – осында.

**Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері**

...Әкем күйші еді. Қайдан үйренгенін білмеймін, ноталық сауаты бар кісі еді. Совхоздың қара жұмысынан қолы босаған қоңырқай кеште бір терең тебіреніске толы қоңыр шерттісі ұзағынан қайыратыны еміс-еміс құлақта. Үйдегі Сталин заманында шыққан кішігірім сандықшаға парапар радиолдан зәудемде күй беріле қалса, әкем істеп жатқан жұмысын тастай салып, жүгіре басқан күйі барып құлағын төсейтін. Кейін бес сомдық радио шыққанда да осы әдетінен жаңылмады. «Тәттімбетке жететін күйші жоқ қой» деп біразға дейін әсерінен айыға алмай отыратын. Кейін телевизор пайда болғанда «Әне, Шәміл шықты!», «Па шіркін, Шәміл Әбілтаевтың тартысы-ай!» деп «көк сандыққа» кіріп кетердей емініп отыратын болды. Әлі күнге бой-басын тіп-тік ұстайтын Шәкеңнің ол кезде әлі қара шашы түсе қоймаған зар күйіндегі шағы, әлбетте.



«Аңсаумен өткен ардағымсың, Атыраудағы бар үйдің? Әлде, сен жастық дәуренімісін, Жантілеуден қалған Қалидың? Жалғанда, мынау, бабалар Бауырын не үшін сыздатқан, Мен соны қалқам, Шәмілжан, Сен бебеулеткен «Баламайсаңнан» танымын!» деп жырлап кетуі – таланттың талантты тап басып тануы болатын. Төрт жасынан домбыра тартуды үйреніп, 1962 жылы 14 жасында Гурьев облыстық көркемөнерпаздар байқауында күй анасы Дина Нұрпейісованың «Бұлбұл» күйін орындап, Бас жүлде алған сол бала Шәкең – бүгінде дана Шәкенге айналып, тура бүгін 24 ақпан күні мерейлі 70 жасқа толып отыр.

«Әкем Бисенғалидың әкесі – Әбілтай атам айтулы күйші бол-

аспаптарында орындаушылардың Бүкілодақтық конкурсының Бас жүлде жеңімпазы және 1980 жылы Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, 1994 жылы Түркияның Измир қаласында өткен «Құрылтайда» бүкіл түркі әлемінің озаны (жыршысы) атанған.

1998 жылы Елбасының жарлығымен – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ал 1999 жылы Қарағанды облысы Ұлытау ауданының Құрметті азаматы атақтары берілген.

1966 жылдан бері Алматыда тұратын күйші Шәміл қазақтың күй дәстүрін республикамыздың барлық облыстары, бұрынғы көптеген одактас республикалар мен Италия, Франция, Үндістан, Буркино-Фасо, Мали мемлекетте-

Осылайша, Шәміл күйшінің атын өмірден ерте кеткен әкеміздің айтуымен бала күнімізден құлаққа сіңіріп өскен соң ба, маған ол көне заманның көзінде кексе кісі көрінетін. Жақын танысқанда өзімнен бір мүшелден сәл ғана артық жастағы жараулы жігіт ағасы екенін білдім. Елге тым ерте танылып, жастай жұрт көзіне түскен соң, бізге солай көрінген екен. Жақын танысуымыз да қызық. Осы ғасыр басында Дінмұхамед Қонаевтың туған күніне байланысты кеш өтті. Сол кеште Шәкең Қонаевқа арналған «Ағатай – асқақ ән» әнін орындады. Әні мені толқытты. Бұл ерекше мақамды қоңыр әнді Димаш ата 1979 жылы 11 сәуірде ерекше ұнатып тыңдап, Шәмілге ақ батасын берген екен. Шәкең Димаш ата үшінші рет алтын жұлдыз алғанда өз атынан домбыра да сыйлаған. Қазір ол аспап Қонаев музейінде тұр. «Халқымыздың ұлы перзенті Димаш ағаға Шәмілден» деген жазуы бар. Қысқасы, сол кеште алған әсерімді газетте бөлістім. Ертеңіне Шәкең іздеп келді. Сол таныстығымыз міне, он неше жылдан бері өнердегі хәм өмірдегі сыйластыққа айналыпты. Кейде әзілдеп болса да өзін Құрманғазыға, мені Қашағанға теңеп, екеумізді жас айырмасына қарамастан қатар жүрген дауылпаз күйші мен жыр жүйрігінің қасына апарып қосақтап қоятыны да бар.

Тегінде аса талантты адамдарда кездесетін өпенделік мінезден Шәкең де кенде емес. «Төлеген Айбергенов жана өлең жазса, көшеден танымайтын бір адамды ұстап алып, үйіне ертіп келіп, өлең оқиды екен» дегенді естігенбіз. Әйтпесе, ақынның ішкен асы бойына тарамайды екен. Шәкең де сол, шабыты келгенде, кез келген бұрышта, ол қарт па, студент пе, әйел ме, жас бала ма оған қарамай, күмбірлетіп күйін тартып, әуелетіп әнін салып береді. Баяғыда Шәкең жана үйленген студент кезінде жұпыны пәтер жалдап тұрғанына қарамай, атакты Сәбит Мұқановты

ШАЛЫМЫ БАСҚА ШӘМІЛ БҰЛ

жаман жатағына қонаққа шақырыпты. Сонда қазақ совет әдебиетінің бас классигі Сәбең жарықтық жалаңаяқ студенттің лашығында бұйырғанын жеп, жамбастап жатып күй тындаған екен. Бертінде дейін жыртық шалбарын тастамаған Сәбеннің сол қасиеті де жұққан болу керек, Шәкең кәрінің де, жастың да, байдың да, кедейдің де тілін тауып, ұшып кетердей саңқылдап сөйлеп, қарқылдап күліп, кез келген ортаның гүліне айнала алады. Дана да, бала да бола біледі.

Домбырадан басқа дәулет бітпесе де, мәрттігі бір басына жетерлік Шәкең қолына қалай домбыра ұстайды, солай найза ұстаған батырдай аруактанып шыға келеді. Арқасы ұстағанда жолындағыны таптап кетпесе де, бойындағы асып-тасқан энергиясы адамды кейде шаршатуы да мүмкін. Ондай кезде үнемі дос болу да оңай емес. Қылпуы мен толқуы тез кісі, көңіл-күйдің адамы. Өзім деген адамнан бұрқеткен көз жасын жасырмайды. Кейде алақұйын. Ондай кезде кеше ғана көкке көтерген адамын бүгін оп-оңай жерлей салуы да мүмкін. Немесе кеше жерлеп қойған адамын бүгін оп-оңай көкке көтере салады дегендей. Кейде қалта телефонымен сағаттап тұрып сөйлеседі. Ондайға шыдамы жетпейтін, жүйкесі жұқалау жанның телефонды тастап жіберуі де кәдік. Шәкеңді жаратпай, сыртынан сөз қылатындар да бар, әлбетте. Оны өзі де жақсы біледі. От пен суға түсіп шыныққан адам емес пе, оған қыңбайды да, құлағына да қыстырмайды. Күледі де қояды. Аяқтан шалғанды да, жалғанды да, тоқтық пен жоктықты да көп көрген, бәрін жеңген, өмірден көп сабақ

алған жанның күрделі тәжірибесі бұл. Білгенге Жаяу жүріп аттыдан кек алған Жаяу Мұсадай дәулердің өзін сөзбен ықтырып, сазбен бұқтырып алатын да қасиеті бар. Өмірінде бір тал темекі шегіп, бір ұрттам шарап ішіп көрмеген қасиеті де ауызға аларлық. Өз басым Шәміл ағадан өткен дәлдікпен жүретін мұқият адам көрмедім. Бүгін бір нәрсеге ниеттенді ме, сол ниетін дәл бүгін, онда да сол күні күн ұясына батпай жүзеге асыруға құмбыл. Ол үшін алыс-жақынға, ыстық-суыққа қарамайды. Ниеті жүзеге аспай қалса, жаман ырымға балайды. Ал домбырасын ешкімге ұстатпайды. Ұстасаныз бөлеге қаласыз. Сізге бәле салмаса да, киесі қашқандай өзінің әбден мазасы қашып бітеді. Сондықтан күй тартып болды ма, домбырасын дереу футлярына тыға қояды...

«Қайтқан құстар барады, Еділдетін, Оралмен.

Елге жетіп қалар ма ем, Ере кетіп солармен?!»

Бұл – Мәскеуде, Орталық комитетте ұзақ жылдар жауапты қызмет атқарған Кәкімбек Салықов ағаның, туған елі мен қазақтың қасиетті кең даласын ансап жазған сағыныш жыры, Шәмілдің «Аңсау» әні арқылы бүкіл Алаш жұртына тарады. Бертінде елге Қытайдан келген оралмандардан естіді, олар арғы бетте осы әнді жандарына жалау етіп, сағыныш жасына малып жүріпті ғой.

Шәкеңнің туған жері – киелі топырағынан талай-талай күй дарындары түлеп ұшқан Атырау елі – қазіргі Индер ауданы.

Кезінде қазақтың біртуар ақыны Меңдекеш Сатыбалдиев Шәміл туралы:

ған кісі екен. Оны атамның көзін көрген туыстары: Қамеш, Серкебай, Көшәлі күйшілер мақтан тұтып айтып отыратын. Домбыраны, мен төрт жасымнан тарттым. Абылдың күйін кәдуілгі кәсіби күйшілердей толғағанымды тындаған анам Әзірханым: «Құдайым, сүткенжемді тіл-көзден сақтай гөр!» – дейтін. Гурьевтен музыкалық училище бітіріп, 1966 жылы, 18 жасымда Алматыға келіп, Құрманғазы атындағы консерваторияға түстім. Сол жылдың күзінде студенттердің есеп беру концертіне қатысқан ректор, профессор Құдыс Қожамияров, Құрманғазының «Жігер» күйін орындағанымды тындап: «Вы, молодой человек, феномен в музыке!» – деп таңғажайып әсер алғанын айтты. Құлагерді құлын күнінде таныған Күренбай сыншыдай, ұлы композитордың сол сөзі өнердегі жолымды ашты. Бата дарыған мен, кейіннен «Құдыс» атты күй-толғауымды арнадым. Консерваторияны бітірген соң, Жамбыл атындағы Қазақтың Мемлекеттік филармониясында 13 жыл күйші-лектор болдым. 70-жылдардың бас кезінен 80-нің ортасына дейін Қазақ теледидарынан «Домбыра – дастан» атты әуени-танымдық хабарлар тізбегін жүргіздім. Сол арқылы халық арасынан шыққан тума таланттар: дүлдүл күйші Аққыз Ахметова, айтыстың ақтангері Манап Көкенов, дарабоз домбырашы Нәби Жәлімбетов және басқалар елге танымал болды. 1985-1988 жылдар аралығында Қазақ радиосының музыкалық редакциясының Бас редакторы болдым» дейді Шәкеңнің өзі.

Шәміл күйші 1974 жылы Воронеж қаласында өткен халық

рінде кенінен насихаттауға тікелей атсалысты.

1979 жылы «Жалын» баспасынан «Ұлытау» күй кітабы, 1992 жылы Ташкент қаласының Тәшмұханбетов атындағы ұнтаспа шығаратын зауытынан «Ордабасы» күй табағы, 2015 жылы «Жер ұраны – Ұлытау», 2016 жылы «Жібек жолы» атты CD альбомдары жарық көрді.


2014 жылдың 28 наурызы күні Алматыдағы резиденциясында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Шәміл Әбілтайды ресми қабылдаған болатын. Сол кезде Шәміл «Қазақстан – Нұрсұлтан» күйін тартқанда, Елбасы мерейлене тыңдап, күйшіге ерекше риза кейіппен рақмет айтқанына бүкіл ел тұрғындары теледидар арқылы куә болды. Шәміл Әбілтайдың «Шұбарат» (сөзі – Нұрсұлтан Назарбаевтікі) әні де Елбасыны ерекше толқытқанын естідік.

Шәміл ағаның әр кезеңде шығарған тамаша төл күйлері мен әсем ән-толғаулары көп. Олардың біразы Қазақ радиосының Алтын қорында жазулы. «Қазақтың күй Сардары» атанған Шәкеңнің осындай биік дәрежеге жетуіне қалай аттап кетейік. Өрікгүл де композитор, ақындығы да бар, жиырмаға жуық әннің авторы, актриса, кестеші, кірнеші. «Жетпістегі жігітін» аялап отырған Өрекең мен Шәкеңнің ақ махаббаты өз алдына аңызға бергісіз аяулы бір әнге.

Төреғали
ТӘШЕН



Қазақстан мен Қытай елдері арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнағанына биыл – 26 жыл. Елімізде қытайтану мамандығы ашылып, маман дайындала бастағанына келер жылы 30 жыл толады. Сондай-ақ еліміздің ЖОО-да «Шетел филологиясы: қытай тілі», «Екі шет тілі: ағылшын – қытай тілі» мамандықтарының ашылғанына да ондаған жылдың жүзі болды. Соған қарамастан, күні бүгінге дейін Қытаймен арадағы келіссөздер барысындағы синхронды тәржімада, қытай тілінен саяси, әдеби, ғылыми аудармалар жасауда, тіпті қытай тілін оқытуда, үйренуде біздің азаматтарымыз тек «китайско – русский словарь» немесе «русско – китайский словарь» дегендердің көмегіне жүгінуге мәжбүр болып келгені жасырын емес. Бұл жағдай өз кезегінде қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде кеңінен өрістеуіне әсерін тигізіп келгені де рас.



ҮЛКЕН СӨЗДІК – ҮЛКЕН НӘТИЖЕ

Осынау қиындықты сәл де болса жеңілдету мақсатында, атап айтқанда, әрісі еліміздің ғылым-білім саласындағы, берісі қазақ – қытай тілдері бойынша аударма саласындағы ақтандақты толтыру мақсатында, ерлі-зайыпты қытайтанушы-ғалымдар – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың Қытай филологиясы кафедрасының меңгерушісі, филология ғалымдарының докторы, профессор Дүкен Мәсімханұлы мен аталған кафедраның доценті Айнұр Әбиденқызы он жылдай уақыттарын сарп етіп, Қазақстан тарихында тұңғыш рет «Қытайша-қазақша үлкен сөздік» деп аталатын көлемді сөздік құрастырып, жарыққа шығарды.

Алдымен атап айтуымыз керек: отандық гуманитарлық ғалым саласында бұл «Қытайша – қазақша үлкен сөздіктің» (ары қарай «Үлкен сөздік») жарық көруі – Қазақстан – Қытай халықтарының өзара түсіністігі мен достық қарым-қатынастарын нығайтуға қосылған қомақты үлес. Қазіргі таңда Қазақстанда қытай тілін оқу сәнге айналса, Қытайдың жоғары оқу орындарында қазақ тілін үйрету қанат жайып келеді. Соған байланысты екі жақта да қажетті оқулықтарға, анықтамалық оқу құралдарына, кешенді сөздіктерге деген сұраныстың артып отырғанын терең сезіп жүрген едік, мына еңбек осы сұранысқа сай келген, қолданбалы құндылығы жоғары дүние болды. Өз басым қытайтанушы-ғалым ретінде аталмыш «Үлкен сөздіктің» жарық көруін құптаймын және оның практикалық құндылығын жоғары бағалаймын.

Қазақстан Қытаймен іргелес ел болғанымен, қытай тілін оқыту тәуелсіздіктің қарсаңында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде басталды, анығырақ айтар болсақ, 1989 жылы университет басшылары Қазақстанның болашақ даму қажеттілігін көздей отырып, қытай тілін оқытуды қолға алған болатын. Қазір қытай тілін оқыту еліміздің жоғары жетекші оқу орындары мен

әлеуметтік тіл үйрету орталықтарының негізгі тіліне айналды, оның үстіне Қытайға барып тіл сындырып, білім алып жатқан қазақстандықтардың саны жыл сайын көбейіп келеді. Бірақ оған қажетті оқулықтар, оқу құралдары, анықтамалық сөздіктер жетіспейтін еді. Міне, осы «Үлкен сөздік» осындай олқылықтардың орнын толтырып отыр.

Сөздік жасау, әсіресе, кешенді үлкен сөздік жасау – аса күрделі әрі машақатты жұмыс, әдетте мұндай көлемді сөздіктерді арнайы маманданған ұжымдық топтар көп жыл бойы еңбектеніп жүріп жарыққа шығаратын-ды. Дүкен мен Айнұр да аттай он жыл бойы негізгі жұмыстарынан тыс уақытын осы сөздікті жасауға сарқа жұмсағанын ескерсек, олардың қажырлығы мен еңбекқорлығына тәнті боласыз.

Авторлар аталмыш сөздікті құрастыруға 2006 жылы Бейжіңде баспадан шыққан «Қазіргі қытай тілінің сөздігін» негізге ала отырып, Шанхайдағы «Сөздік» баспасынан жарық көрген «Қытай тілінің үлкен сөздігі», «Сөз теңізі», «Орысша – қытайша үлкен сөздік», Үрімжідегі «Шыңжаң халық баспасынан» 1987 жылы С.Найманның бас редакторлығымен баспадан шыққан «Ханзуша – қазақша сөздік», Н.Әбікеннің бас редакторлығымен Дәуен Тырнахан қатарлы қытай тілінің майталмандары құрастырған, Бейжіңдегі «Ұлттар баспасынан» жарық көрген «Қазақша – ханзуша сөздік» сияқты он беске тарта еңбекті пайдаланған. Демек, құрастырушылардың «Үлкен сөздікті» жасауға қолданған деректік негіздері жеткілікті әрі сенімді деуге тұратын классикалық маңызды материалдар.

Осы арада, «Ол еңбектерден Дүкен Мәсімханұлы сөздігінің ерекшелігі неде?» деген сұрақ туындауы табиғи. Жоғарыда аталған «Ханзуша – қазақша сөздіктің» толықтырылған нұсқасының 2012 жылғы екінші басылымы, «Қазақша – ханзуша сөздік» және Шанхай шет тілдері университеті Орыс тілі факультеті құрастырған, 2009 жылы баспадан шыққан «Большой Китайско-

Русский словарь» бар еді, «Үлкен сөздікті» солармен аз-кем салыстырып көрдім. Байқағаным, «Үлкен сөздік» кәсіби талаптарға сай жасалған екен. Оның үстіне, авторлар мұны қазақстандық оқырмандардың қытай тілін үйрену ерекшеліктеріне лайықтап құрастырғаны байқалады. Міне, бұл сөздіктің ерекшелігі мен жаңалығын көрсетеді. Мысалы, Қытайда шыққан «Ханзуша – қазақша сөздік» – Қытайдағы қытайша білетін қазақ оқырмандардың қытайша сөздердің қазақша баламасын табуына арналған, сондықтан онда қытайша сөздердің қолданыс мысалдары көрсетілмеген немесе өте аз көрсетілген. Дүкеннің «Үлкен сөздігінде» қытай сөздері мен сөз тіркестерінің қазақша аудармасымен қоса, оның қытай тіліндегі қолданыс мысалдары көбірек берілген. Мұнан қытай сөздерінің қазақша аудармасын табумен бірге, ол сөздің қытайша қолданысын да үйреніп алуға болады. Демек, аталмыш сөздік қосымша оқулық қызметін де атқарады. Мұндай мысалдар «Большой Китайско-Русский словарьда» да көп емес екен. Бұдан авторлардың сөздікті отандық оқырмандардың қажетіне қарай көп функциялы етіп жасауға көңіл бөлгенін көруге болады. Бұл да құптауға тұратын жаңалық деп санаймын.

Жаңалық демекші, «Үлкен сөздіктің» жарық көруін отандық гуманитарлық ғалым саласындағы маңызды жаңалық, сондай-ақ отандық лексикография (сөздіктану) зерттеудің үлкен нәтижесі деп сеніммен айтуға болады. Өйткені елімізде қазірге дейін дәл осындай 70 мың сөзден тұратын Қытайша-Қазақша кешенді сөздік жарық көрген жоқ. Әрине, қытайтану саласында еңбектеніп жүрген мамандардың құрастырған Қытайша – қазақша, Қытайша – қазақша – орысша, Қытайша – қазақша – орысша – ағылшынша шағын сөздіктері жарық көріп келеді. Бірақ бұл сөздіктердің көлемі шақты, олар негізінен қытай тілін оқытатын оқытушылар мен қытай тілін оқып жүрген жоғары оқу орындарындағы

студенттерге арналған. Мына «Үлкен сөздік» Қазақстан тарихында кешенді жасалған тұңғыш сөздік болуымен де маңызды. Әсіресе, «Үлкен сөздіктің» атап айтуға тұратын және бір ерекшелігі – қытай сөздері мағынасының қазақ тіліне дәл әрі толық тәржімалануында дер едім. Сөздік аудармасында қазақ тілінің байлығы тамаша сәулеленген, тіпті қытай сөздерінің астарлы мағынасы да айтарлықтай ашып көрсетілген. Демек, «Үлкен сөздік» – өзінің атына заты сай жасалған қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыратын құнды еңбек.

Әрине, мұндай үлкен сөздіктер қай елде болмасын, бірнеше жыл өткенде қайта жаңғыртылып, толықтырылып басылып отырады. Бұл сөздік те солай болатыны сөзсіз. Сондықтан құрастырушы-авторлар болашақта сөздіктерін толықтырып қайта бастырып жатса,

мынадай нәрселерді ескерсе деген тілегім бар.

Әдетте, кешенді сөздіктердің соңына қосымша кестелер беріледі. «Үлкен сөздікте» де «қытай тарихындағы хандықтардың тарихи кестесі», «дүние-жүзіндегі мемлекеттердің аты, астанасы, ұлттық валютасы», «химиялық элементтер кестесі», сондай-ақ қытай тіліндегі жер-су аттарын, адам аттарын қазақша транскрипциялауда қолдануға қолайлы болу үшін, «қытай тіліндегі буындардың транскрипциялық кестесі» де қоса берілген екен. Бірақ бір маңызды кесте берілмей қалыпты, ол – қытайдың заңды өлшем бірліктері. Қытайдың өлшем бірліктері біршама күрделі және ол халықаралық өлшемдермен сәйкес келе бермейді. Сондықтан сөздіктің соңына осы кестені берсе, еңбектің пайдалану құндылығы тіпті де арта түсер еді деймін. «Қытайша – орысша үлкен сөздіктерде» осындай кестелер егжей-тегжейлі беріледі.

«Үлкен сөздіктің» бірінші қосымшасында «Қытайша – қазақша Қытай тарихындағы патшалықтар дәуірі кестесі» берілген, бұл – өте қажетті материал. Бірақ кестеде атаулардың бірізділігі сақталмаған. Мәселен, «хандық», «патшалық», «әулет» деп ала-құла аталған. Меніңше, бұларды «патшалық» немесе «династия» деп біркелкі атаса, еңбектің ғылымилығы тіптен арта түскен болар еді.

Еліміз таяу болашақта латын қарпіне көшуді жоспарлап отыр. Осыны ойлағанда, авторлар бұл еңбегін арада көп уақыт өткізбей-ақ бұл «үлкен сөздіктерін» толықтырып, кемелдендіріп қайта бастыруы керек болады. Өйткені екі ел қатынастары тұрғысынан айтқанда, қытайша – қазақша, қазақша-қытайша аудармалардың орталығы Шыңжаң емес, Қазақстанда болады. Сол үшін осындай кешенді еңбектер, білікті мамандар дайындау қажет.

Нәбижан МҰҚАМЕТХАНҰЛЫ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
«Қазіргі заманғы Қытайды зерттеу
орталығының» директоры

Әлемге әйгілі каньондар... Осы сәт қиыр шеттегі Колорадо есіңізге түсер. Сол Колорадоның айнымас бөлшегіндей жер шарының өзге жартысында Шарын жатыр. Шын мәнінде, Шарын аттары да табиғаттың сұлулығы ретінде өзіне қызығушыларды ынтықтырады. Өзгеше тылсым өрнегімен тамсантар Шарынның қызғылт қамалдары жұмбақ дүниенің есігін ашардай мен мұңдалап аңсарыңды аударара береді.



Бұл өңірде алып таулардың керім келбеті көз қарықтырады. Ақ бас шыршардың сұлу суреті сырбаз кейіпте асқақтайды. Биікке өрмелеген жасыл шыршалар әдемілікке өзгеше әспет бергендей. Көкорай шалғынды жоталардың мұнарға бөккен кейпін айтыңыз.

Бұл өңірде сұлулық атаулыны кәнігі шебердің ісмер қолымен кестелегендей иректеле жылтыл еткен өзендер өрнегі тамсантады. Құдай-ау, сол өрнектің бір сабағы мың сан бұралып, қарсы алдыңызда жатыр.

Шарын... Шарын тым теренде, шақырайған күнге шағылыса жылтырап ағады. Гүрілдеп, арқырай бастау алар тау өзені осы тұсқа келгенде сілелей шаршаған дерсің, қаншама жылдар бойына шер қабатының қымтана жасырған құпиясын тырмалай ашқан арынды ағыс сәл тыныс алғандай. Көз алдыңызда таңғажайып көркем көрініс тұрады. Биіктік пен терендік: мұзарт таулардың аспан тепкен тәкаппар шыңдары өн бойын мақтанш кернегендей маңғаз кейіп танытады; жүзін әжім торлағандай қатпар-қатпар жарқабақтан төмен құлаған аңғарлар мұная ойға беріледі.

Шарын... Қызғылт қамалдар аңғары ... Туған табиғаттың тосын кескіні кейінгі кезде жұртшылықты өзгешелігімен баурай берді. Қанша күш салсақ та қолмен қиюластыруға келмейтін бөлектеу сурет еліктіре түседі. Табиғат шебердің сан жылғы өрнегі керемет әсерімен еліктіреді.

Табиғаттың тылсым сырын ішке бүккен Қызғылт каньон жардан төмен қарай бұралаң күйі ағараңдап жатқан жалғыз аяқ жол арқылы өзіне жетелейді. Ансар аударара қызықтырған Қызғылт каньонды географ мамандар осылай атағанмен, кейде «Қамалдар аңғары» деп те жазалды. Содан ба, біз өзіндік ерекшелігіне қарай Қызғылт қамалдар аңғары дегенге ықылас таныттық.

Қызғылт қамалдар аңғары сан жылдардың өтінде тау жыныстары түрлі үлгідегі мүсіндердің ғажайып көрінісін қашап жасағандай алдыңызға тартады. Бірі өзіндік тау келбетін көз алдыңызға әкелсе, екіншісі ғайыптан пайда болған жұмбақ мұнараны елестетеді. Биік жартасқа сәл кідіре қарасаңыз, зәулім ғимараттың кіреберіс табалдырығында тұрғандай сезінесіз. Бір сәт өзіндік мыңжылдықтар әлемінде ерке желдің, ағын судың, дүмпу күшті әралуан тербелістердің сәулеткершілігімен бетпе-бет келіп тұрғаныңызды сезінбейсіз. Қайта құпияны өн бойына жасырғандай мүлгіген зау тұлғалы бағандарды, керім күмбезді құздарды, жарқабағы айқыш-ұйқыш дінгектерді қызықтай елітіп, ертегілеріне енген күйі қиялға беріле өзге дүниенің бәрін ұмытар едіңіз.

Қызықты қараңыз, «каньон» сөзі испан тілінде «құбыр» деген

мағынаны білдіреді екен. Ғалымдардың дерегіне назар салсаңыз, каньондардың пайда болуы құрғақ қыраттардың өз арнасын дамылсыз кеңейткен өзен суларының әсерінен деп түсіндіреді. Ал Қамалдар аңғары – адам өрмелеп шыға алмас құзды жартас пен сазды құмшауыт тау арқылы өтетін Шарын өзеніне қиылыса жатқан құрғақ сай. Қызғылт каньонның ұзындығы – үш шақырымға жуық, ені – 20 метрден 130 метр аралығында болып келеді. Терендігі – 100 метрге жуықтайды. Солтүстік Америкадағы Колорадо өзенінің Үлкен каньонымен табиғаты бір, ландшафттық әлпеті ұқсас болуы таңдай қақтырар. Аты айтып тұрғандай, Үлкен каньонның ұзындығы – 80 шақырым, терендігі де өлшеусіз – 1200 метрден 800 метрге дейінгі көрсеткіші Шарынның шағын болса да каньонның ерекше көрінісі талайды тамсандырады. Сондықтан да шығар, шалғайдағы Орталық Азияның беймәлімдеу бір нүктесіне орыс саяхатшылары Н.Северцев, А.Красновтарға ат басын бұрғызды. Дала төсіндегі таңғажайып әлем – Шарын оларды бей-жай қалдырған жоқ. Қияндағы Қашқарға сапарлап бара жатқан Шоқан Уәлиханов та табиғаты сұлу өңірдегі ерекше түске боялып тұрған қызғылт каньонға еріксіз ойға шома қарап, назар аударған да шығар-ау.

Себебі дерсіз, табиғаттың өзі жылдар бойына әспеттей алақаныңызға салған жердің бүкіл қабатының тылсым суреті ойлантпай қоймас. Жарқабақтың сансыз қабаттық алуан бояуы тас шежіренің беттеріндей сыр ақтарады. Қамалдар аңғарындағы кесек мүсіндердің қайталанбас кескіндері де қиялға жетелейді. Дәл алдыңыздан алып аждаһадай төніп тұрған құзды көріңіз. Аз ғана уақытқа кідірсең, бас салардай кейпі қорқынышты. Тек сандаған топырақ қабаттарынан тұратын ескерткіш сұлба екенін сезінгенде барып, ілгері адымдайсыз. Сол кезде арыстандар сайы алдыңыздан шығады. Құздар ертегідей, биіктен алысқа көз тастаған үлкен арыстанның алдымен бас мүсінін айырасыз, сосын жалбыраған жалы айқындалады, жуан мойны болып қоңырқай тартқан сазқабат көрініс береді. Алға жүрген сайын ғажайып әлем өз құпиясын аша түсердей. Киіз үй аңғарына өткенде ауылға келгендей тыныс аласыз. Күмбезденген биік төбе ме десеніз, сәл өтіп барып айнала бере бағамдайсыз, ағараңдап көзге ыстық көрінер киіз үй. Топырақ қабаттарынан біреу қанша уақытын шығындап, әдейі қашағандай. Түндігі сәл ғана ашылғандай шаңырақ, уық пен керегенің ұштасқан тұсындағы кара белдеулі ақ шаңқан киіз үй өзіне көпке дейін жанарыңызды еріксіз аудартады.



ШАРЫН ҚЫЗҒЫЛТ қамалдар аңғары

Мына дінгек ұстын тас салынған қапшықты елестетеді. Жарқабақтың басынан жүз метрдей терендіктегі жалғыз аяқ жолмен қиялға елітіп, өзіңізден-өзіңіз күбірлей алға адымдайсыз. Өйткені құжыр-құжыр қабырғалы Шарын жеткізер жұмбаққа толы сыр жетелей түседі.

Шарын каньоны пайда болуы жөнінде түрлі болжам айтылады. Кейбір зерттеушілер бұл өңір көне Азияның орталығында Алакөл жағасынан бүгінгі Қытай аумағын алып жатқан теңіздің таяз сулы шығанағы деген жорамалын ұсынады. Тастай қатқан жасыл түстес саз қабаттан табылған теңіз жәндіктерінің бізге жеткен қаңқаларынан білетіміз, бір кездері теңіздің түбінде тіршілік үшін өзді-өзі арпалысып қиямет кешкенін, салқын судың табанында бірімен-бірі арбасып, ал дем таусылғанда ұйыса тас болып қалатынын сезбеген де шығар. Уақыт шіркін, ештеңені кешірмейді, жағаға теңіздің ізімен шығанақ та ғайып болды. Бәлкім, тартылған шығанақ орнында көл пайда болып, күндердің күнінде Торайғыр бөгеті бұзылып тосқауылдың бәрін ағызып ала жөнелді. Әйтпесе, мынау сұп-сұр жарқабақ ол жөнінде сыр айтпайды, тек сазды қабатта қатып қалған теңіз жәндіктерінің қаңқаларынан ұққандайсыз. Бұл жөнінде профессор П. Мариковский былай деп ой түйіндейді: «Бағзы заманда, үштік

кезенде, 25 миллион жылға жуық бұрын, жер бетінде адамзат жаратылмай тұрып, ауқымды да ыстық шөл орнында үлкен көл толқып жатты. Ол қоршап жатқан тауды жеміре табанына күшті саз қабатын ұсақ қиыршық тастармен араластыра жинады. Сосын, ауа райы өзгерді, көл құрғады, ал табанын су шайып отырды. Тіршіліксіз жалаңаш әрі өте таңсықтау, сазды таулы өңір пайда болды».

Шарын жөніндегі бір аңыздың оқиға желісі былай өрбиді: «Жаратқан Ие арбасымен ұшып келе жатады. Жалаңаш жазығының төбесінен өтіп бара жатқан тұста байқаусызда отты жебелерінің бірін қолдан түсіріп алады. Жан-жағына жалын шаша төмен құлдилаған жебе зуылдаған күйі жерге көлденеңінен түсіпті. Отты жебе бүлк еткен жер бүйірін екіге қақ жара дініне дейін жетіпті. Жер қақ жарылғанда тамырлары үзіліпті. Үзілген тамырлардан шапшыған қаннан қуарған топырақтардың түсі өзгеріп сала берген деседі...»

Шындығында Шарынның көрінісін биіктен қарап байқаңызшы: жердің қатты қабатына дейін белгісіз тылсым күштің әсерімен әлдене қақ жара соғып өтіп, солтүстікке қарай созылған алып жарықшақ із тастап, көкжиекке сіңіп кеткендей сурет көз алдыңызда тұрады.

Бұл өңірде алып таулардың керім келбеті көз қарықтырады.

Ақ бас шыршардың сұлу суреті сырбаз кейіпте асқақтайды. Биікке ұмтылған жасыл шыршалар әдемілікке өзгеше әспет бергендей. Көкорай шалғынды жоталардың мұнарға бөккен кейпін айтыңыз.

Бұл өңірде сұлулық атаулыны кәнігі шебердің ісмер қолымен кестелегендей иректеле жылтыл еткен өзендер өрнегі тамсантады. Құдай-ау, сол өрнектің бір сабағы мың сан бұралып, қарсы алдыңызда жатыр.

Шарын биіктен бастау алады. Басында Шалкөдесу болып басталып, тау өзені қойнауадағы жазыққа келгенде адуын екпіні қайтып, Кеген болып жалғасады. Қарқара өзенінің солтүстік сағасы қосылып, Шарын 255 шақырымға ұласады. Өзеннің ені – 30-40 метр, терендігі 2-3 метрге дейін, ал алқабының көлемі – 8000 шаршы шақырым. Күнгей Алатаудың беткейінен басталатын Кеңсу, Орта Мерке, Шет Мерке өзендерінің арналары Шарынға қосылып, Жалаңаш ойпаты мен Торайғыр тауының шығыс бөлігін кесіп өтеді де алып каньондарға негіз болады. Сонан Темірлік өзенінің үлкен жалғыз сағасы келіп, Шарын арнасы солтүстік шығысқа ойысып Ілеге құяды.

Шарын өзені қайназой кезеңінің шөгінділер негізін айқын көрсете алуымен ерекшеленеді. Өзеннің оң жағасындағы жарқабақтан рет-ретімен кезектеле қатпарланған сары батпақты әрі жұқа цементті тастақты шөгін-

Биыл 23 ақпанда Кеңес Одағының Жұмысшы-шаруалар Қызыл армиясы құрылғанына 100 жыл болды. Ұлы Отан соғысы кезінде осы Қызыл армия құрамында мыңдаған қазақстандықтар фашистік Германияға қарсы майданға аттанды. Төрт жылға созылған сұрапыл соғыста мыңдаған қандастарымыз Отан үшін от кешіп, ерлікпен көз жұмды, қаншама адам елге мүгедек болып оралды. Сол буыннан елге аман-есен оралған аздаған ардагерлердің қатары жыл сайын сиреп барады. Бүгінде жастары жүзге таяған санаулы ғана соғыс ардагерлері қалды. Солардың бірі, Қызыл армияның құрдасы Әбен Берден ақсақал өткен күзде жүз жасқа келді.

Әбен Тұрсынбайұлы Батыс, Сталинград, Оңтүстік, 4-Украиндық, 3-Украиндық, 2-Украиндық майдандарда шайқасып, Отан үшін қан төккен. Төрт рет жаракат алған. Ұлы Отан соғысында көрсеткен жауынгерлік ерліктері үшін ол «Қызыл Жұлдыз», I дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордендерімен, «За Оборону Москвы», «За взятие Будапешта», «За освобождение Украины», «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 г.г.», КСРО Батыры маршал Г.Жуков атындағы медальдармен марапатталған.

Әлем бойынша 1939-1945 жылдар аралығындағы Екінші дүниежүзілік соғыста 70 млн адам опат болды. КСРО халқының 26,6 миллионы осы соғыста қаза тапты. Қазақстаннан майданға аттанған 1 млн 200 мыңнан астам жауынгердің 60 мыңы отбасына оралған жоқ, 600 мыңнан астам жауынгер елге мүгедек болып келді. Әрбір отбасы соғыстың тауқыметін тартып, ауыртпашылығын көрді. Әлемді шарпыған соғыс өрті миллиондаған шаңыраққа қайғы-қасірет әкелді. Біреулері жарын, аға-інілерін жоғалтса, кейінгі ұрпақ әкелерінен, аталарынан айырылды. Сондықтан Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңістің бағасы біз үшін өте қымбат. Оны жаппай тойлаудың КСРО үшін саяси маңызы өте зор болды. ТМД елдерінде де қазірге дейін оның тәрбиелік маңызы жоғалған жоқ, барлық республикаларда кең ауқымда атап өтіледі. Демек, фашизмге қарсы қырғын майданда қан кешкен Әбен Тұрсынбайұлы сияқты соғыс ардагерлерінің ерліктері ұмытылмайды.

Бүгінде жасы жүзден асқан Әбен Тұрсынбайұлы жастайынан қиыншылықты көп көріп, ерте есейді. Ол 1917 жылы Қарағанды облысының Ұлытау ауданында дүниеге келген. Үш жасында шешесі қайтыс болып, әжесінің тәрбиесінде қалады. 1931 жылғы ашаршылық кезінде ауылдағы бірнеше отбасы үдере көшіп, Бетпақдала арқылы Сыр өңіріне қоныстанады. Бұл жақта да жаппай ашаршылық жайлағанын көрген әкесі Үкімет өлтірмес деген үмітпен ұлы Әбенді Қызылорда қаласындағы балалар үйіне өткізеді. 1934 жылы Әбен Түркістан қаласындағы ФЗУ-ға оқуға қабылданады. Бұл кезде Берден әулетінен ешкім қалмаған, барлығы қолдан жасалған ашаршылықтың құрбаны болған. Түркістандағы оқуын 1938 жылы бі-

жылдың көктеміне дейін фашист басқыншыларының қолында болды. Ең мықты деген техникаларын осы бағытқа тартып, әскерін шоғырландырған фашистер бұл өңірге табан тіреп, ары қарай шабуыл жасау жоспарын құрды. КСРО Жоғарғы ставкасы негізгі шабуылдаушы күшті бөліп, Тверьге қарай бағыттауға қорықты. Бұл кезде

өтіпті. Командир оны өлді деп ойлап, үйіне қара қағаз жібереді. Бірақ бұл жолы да Құдай сақтап Әбен аға аман қалды. Ржев түбіндегі шайқастарға Қазақстаннан қаншама адамның қатысқанын сарғайған құжаттардан көруге болады. Ржевск түбінде болған қиян-кескі шайқастардан, құрамында 10 мың жаяу әскер болған қазақстандық екі бригадadan

дың бірінде, 1943 жылдың 20 қаңтарында Солтүстік Донец көлінің маңында оған үшінші рет ок тиіп жараланады. Тағы да госпиталь, тағы да майдан... Әбен Тұрсынбайұлы енді 4-Украин майданында танкке қарсы жойғыш зеңбірек дивизионының 93-бөлімінің құрамында соғысады. Оның зеңбірек есептобы Ростов-на-Дону, Одесса, Николаев, Каховка, Шахтинск, Макеевка сияқты оңтүстік Украинадағы қалаларды азат етуге қатысты. Ұрыс даласында көрсеткен ерліктері үшін Сталиннің өзі қол қойған алғысхат алады.

Румыния жерінде Әбен Берден төртінші рет жараланды. Бұл кезде соғыс аяқталуға жақын қалған. 1945 жылы 3 наурыз күні госпитальдан шығып, қайтадан сапка тұрды. Бұл жолы оны 1848 танкке қарсы зеңбірек полкіне жіберді. Осы полктің құрамында Әбен Тұрсынбайұлы Болгария, Венгрия, Чехословакия елдерін азат ету шайқастарына қатысты. Соғысты Чехословакия жерінде аяқтап, Жеңісті сонда тойлады. 1945 жылдың мамырынан қарашасына дейін Австриядағы Кеңес әскерлерінің құрамында қызмет етті. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» дейді, төрт жыл майданда болып төрт рет жаракат алған Әбен аға бүгінде жүзден асып отыр.

1945 жылы желтоқсанда Қызыл армия қатарынан босаған соң, Әбен Тұрсынбайұлы Алматыға келіп, Қазақ педагогикалық институтындағы оқуын жалғастырды. 1947 жылы институтты бітіргеннен кейін, оның 30 жылға созылған ұстаздық жолы басталды. Қалған ғұмырын ол бала оқытуға арнады. Жамбыл облысына жолдамамен барған ол, сол жақта тұрақтап қалды. Соғысқа дейін институтта бірге оқыған Бәтес Мырзаханқызымен отау құрып, ұзақ жыл бірге өмір сүрді. Екеуінің тағдыры да ұқсас. Бәтес Мырзаханқызы 30-жылдары отбасымен Алматыға көшіп келген, осындағы №12 қазақ мектебін бітіргеннен соң, Қазақ педагогикалық институтына Қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне түскен. Сол кездерде Мұхтар Әуезовтен сабақ алғандарын мақтаныспен айтады. Осы кезде Әбен ағамен танысып, сөз байласады. Майданда жүрген төрт жылдың ішінде Әбен Тұрсынбайұлы қалыңдығының суретін төсқалтасынан тастамайды екен. Қандай қиындықтар болмасын жеңіп шығуға осы кісінің фотосуреті көмектескенін айтады ардагер.

Әбен Тұрсынбайұлы соғыстан кейін өзі таңдаған мұғалім мамандығы бойынша еңбек етті, мектеп директоры болды. Әртүрлі аудандарда мектептер ашып, ұстаздар ұжымын құрды. «Қазақстан білім беру үздігі» атағына ие болды. 1977 жылы зейнеткерлікке шыққаннан кейін зайыбы Алматыға қоныс аударды. Қазірге дейін Алматыда тұрады. Ұлы Отан соғысының ардагері Әбен ағамызға зор денсаулық тілейміз!

ҚЫЗЫЛ АРМИЯНЫҢ ҚҰРДАСЫ



тіргеннен кейін, Әбен Алматыға келіп, Қазақ педагогикалық институтының Химия-биология факультетіне оқуға түседі.

Ұлы Отан соғысы басталғанда Әбен институттың 4-курсында оқып жүрген. 1941 жылдың 15 тамызында өзі сұранып майданға аттанады. Бұларды бірден алғы шепке жіберді. Әбен Берден 1848 танкке қарсы жойғыш полкте зеңбірек командирі болып тағайындалды. Бұл кезде Мәскеу түбінде қиян-кескі шайқастар жүріп жатқан. Әбен Тұрсынбайұлы 40-дербес атқыштар бригадасының құрамында Мәскеу түбінде жаумен бірінші рет бетпе-бет келді. 1941 жылдың жазы мен күзінде вермахт әскерлері КСРО астанасын алуға барлық күшін салды. Әуеден авиация бомбалары, қарсы беттен зеңбірек снарядтары соққылап жатты, ысқырған оқтан бас көтере алмайтын кез болды. 5 желтоқсан күні Кеңес әскерлері қарсы шабуылды бастады, қатты шайқастар болып, екі жақтан да көп шығын шықты. Ертесінде Әбен жараланып госпитальға түсті.

Тверь облысындағы Ржев ауданы Ұлы Отан соғысы басталған 1941 жылдың күзінен 1943

жау Ленинградты қыспаққа алып, Мәскеуге қауіп төндірген болатын. Ұзақ уақыт осы өңірге бекініп отырған Вермахт әскерлері әрбір елдімекенді ешбір жағынан жақындай алмайтын қамалға айналдырған. Қорғаныс шебін жасағанда неміс қолбасшылығы өзен, көл, сайлар мен жырлар сияқты табиғи кедергілерді жақсы пайдаланған. Сондықтан бұл жерді жаудан азат ету үшін қызыләскерлер көп шығынға ұшырады. Қорғаныс шебіндегі әскерлердің арасында қатаң тәртіп орнату үшін Вермахт қолбасшылығы репрессиялық тәсілді қолданған. Гитлер 15 сәуірде шығыс майдандағы әскерлеріне үндеуінде кім де кім бұйрықсыз кейін шегінетін бол-са, сол жерде атып тастау туралы бұйрық берді. Сондықтан қорғаныс шебіндегі фашистер ақтық демі қалғанша шайқасты.

Жарасы жазылып госпитальдан шыққан соң, Әбен Тұрсынбайұлы Батыс майданның 449 атқыштар полкіне түсті. Бұл полкке Ржевті жаудан азат ету міндеттелген. Ржев түбіндегі ұрыстардың бірінде Әбен Тұрсынбайұлы ауыр жараланды. Оқ оның жүрегінің жанынан тесіп

мынға жуық жауынгер ғана аман шықты. Қазіргі Ресей үкіметі қазақстандықтардың ерлігін елеусіз қалдырған жоқ. Ржевск қаласындағы мемориалдық кешенде осы өңірді неміс оккупанттарынан азат ету жолында қаза болған қазақстандық жауынгерлерге ескерткіш қойылды. Қазақ жауынгерлерінің ерліктері ресейліктер тарапынан осы уақытқа дейін ескерілмеуінің себебі бар. Қазақстанда жасақталған кейбір бригадалар туралы Орталық архивтегі құжаттар өте кеш ашылды.

Госпитальда емделіп шыққаннан кейін басшылық Әбен Тұрсынбайұлын Архангельскідегі пулеметшілер оқуына жібереді. Оны бітірген соң, 1942 жылдың қарашасында Сталинград майданына түсті. Әбен Тұрсынбайұлы құрамында болған 387 атқыштар дивизиясының 1275 атқыштар полкі фельдмаршал Паулюстің армиясын қоршап, талқандау операциясына қатысқан. Сталинград шайқасы Ұлы Отан соғысы тарихындағы ең қиын кезең болып саналады. «Шайқастан кейін Волга өзенінің суы қып-қызыл қанға боялып жататын» деп есіне алады ардагер. Осы шайқастар-

Қайыржан
ТӨРЕЖАН



«Кедей болсаң, көшіп көр» деген бар. Бір пәтерді келесісіне ауыстыру әдетке айналды. Жүгінді жинай бастасаң болды, көптен киілмеген, алғалы ұсталмаған киім мен заттарды көзің шалады. Алатын кезде ауадай қажет көрінген дүние кей жағдайда керексіз боп сандықтың түбінде сақталады. Жазда жаңа үйге көшкен сәтімде ала дорбамды реттеуге бел будым. Дәл мен жайғасқан жердің тұрғындарында Telegram желісінде бөлек чат бар екен. Заттарын тегін бергісі келген адам суретін, алып кететін мекенжайын, уақытын көрсетеді. Осыны естіп алып, қажетсіз ұсақ-түйек, киім-кешектерімді чатқа салдым. Сол секундта-ақ телефоным хаттардан «өртенді». Барлығын бір адамға бергеннен гөрі, бірнеше адамға таратқаным жөн болар деп біріне киім, біріне әшекей, енді біріне дәптер мен қалам беретін боп келістім. Барлық заттарым сол күні-ақ өтіп кетті. Артық дүниеден арылған мен тынысым кеңейгендей күй кештім. Күні кеше көшеде кетіп бара жатып көзіме жәшік түсті: «Кимейтін киіміңіз болса, осында салыңыз» деген жазуы бар екен. Осыдан кейін Алматыда тағы қай жерлерде қайырымдылықпен айналысуға болатынын анықтағым келді.



АРТЫҚ

ЗАТТАН АРЫЛҒАННАН, ТАРЫЛМАЙСЫЗ

«ТЕПЛО» ЖОБАСЫ

Әлеуметтік қайырымдылық жобасы екі бағытта жұмыс істейді. Жоба қатысушылары заттарды жинап, жағдайы төмен жандарға таратып береді. Сонымен бірге, жұмыссыз жүргендердің екі қолына бір күрек табуға көмектеседі. Алматыда бірнеше жерде арнайы бокстар (жәшік) бар. Сол жерге қажетсіз затыңызды сала аласыз. Киімдер арнайы фильтрден өткізілген соң барып, таратылады. Алдымен реттеп, кейін химиялық тазалауға жіберіледі. Заттар үш критерий бойынша сортталады: қымбат киім мен аяқ-киім, жаңа немесе киілген, ескі киімдер. Киілген, бірақ еш жері жыртылмаған, сонымен бірге жаңа киімдер мұқтаж отбасыларға үлестіріледі. Ескі-құсқы киімдер болса, жануар тәлімбағын жылытуға жіберіледі. Демек, материалдың өзі жерде қалмайды. Заттарды реттеумен мүмкіндігі шектеулі жандар айналысады. Олардың жалақысы қымбат киімдерді сатудан және қайырымдылық акцияларынан түскен ақшадан төленеді. Сізге көмек қажет болса, сайтына өтініш қалдыруға болады.



ЖӘШІКТЕР ҚАЙДА ОРНАЛАСҚАН?

Esentai Square, әл-Фараби, 77/7.
Dostyk Plaza сауда ойын-сауық орталығы, Galmart пен Sulpak дүкендерінің жанында.
Розыбакиев көшесіндегі MEGA Alma-Ata сауда ойын-сауық кешені, Рамстор гипермаркетінің қасында.
Op Clinic емханасы, Ғабдуллин, 94А.
Pita Green мейрамханасы, Абай даңғылы, 17.
Daily Coffee кофеханасы, Абылайхан, 147.
UNION, әл-Фараби, 36.
Presso кафесі, «ЦУМ» сауда орталығында.
Auroga кафесі, Абылай хан даңғылы, 96/59.
Giginova кафесі, Желтоқсан көшесі, 118.
«Велоедов» кафесі Қабанбай батыр, 55.
Traveler's Coffee кофеханалар желісінде, Құрманғазы 43, Желтоқсан 137, Қабанбай батыр 55, Назарбаев 244, Самал 3.

«АЛҒЫС АЙТ» ДҮКЕНІ

«Аяқ аттасаң — ақша» деген тап-таурынды бұзатын бұл дүкенде бәрі тегін. Иелерінің айтуынша, қалаған затыңызды алып, алғыс білдіріп кете барасыз. Сату мен сатып алудан өзге де жүйе барын дәлелдегісі келген болса керек. Затты алуға да, беруге де болады. Басты қағида — жақсылап жуып, тазалап әкелсеңіз болғаны. Кейде тіпті қымбат бренд киімдерін әкелетіндер де бар. Ондай кезде бірден алып кетеді екен. Қожайындарының сөзіне сүйенсек, өте үлкен көлемде әкеліп жататындар жиі кездеседі. Тегін алған дүниені кейін сататындар да болуы мүмкін. Оларға тыйым сала алмайды, әрине. Бірақ шын мұқтаждар қамтамасыз етілсе, жөн болар еді. Іздесеңіз, дүкеннің негізгі атауы — «Все за спасибо». Мекенжайы: — Орманов, 76.

Қасиетті Құран

Кәрімнің «Бақара» сүресінің 3-аятында: «Олар ғайыпқа иман келтіріп, намазды толық орындап, өздеріне берген ризығымыздан жұмсайды» деген. Аят жолындағы «ризығымыздан жұмсайды» дегені — Жаратқанның берген ризығын Алланың разылығы үшін жұмсауға бұйырады. Шарияғат бойынша қайыр-садақаға лайықты мұқтаж адамдардың санаты ретілікпен көрсетілген. Олар: ата-ана, ағайын, туған-туысқандар, жетімдер, кедейлер және сапардағы мүсәпір жандар қайырымдылық көмегіне лайықты екені мәлім. Демек, бірінші кезекте туған-туысқа көмектесіп, одан артылғанын мұқтаж жандарға таратқан абзал. Осы орайда Әбу Һұрайра (Оған Алла разы болсын) риуаят еткен хадисінде пайғамбарымыздың (с.ғ.с): «Адам баласы дүниеден өткен соң, оның амалдары тоқтайды. Тек мына үш амалдың сауабы иесіне үздіксіз жетіп тұрады. Олар: садақа, пайдалы ілім, артынан дұға қылатын ізгі ұрпақ» дегенін жеткізеді. Яғни, Пайғамбарымыз (с.ғ.с) амалдарды орындаған адам, тіпті о дүниелік болып, амал дәптері жабылса да, осы үш амалдың сауабы үздіксіз жалғаса беретінін хабарлайды.

ҚазҰУ-дағы «КЕРЕМЕТ»

Ұлттық университеттің аумағында студенттерге қызмет көрсету орталығы бар. «Кереметтің» ішінде тәлім алушыға қажет дүниелердің бәрін табасыз. Соның бірі — қажетсіз заттарды қабылдайтын дүкен. Кез келген адам артық дүниелерін сонда өткізіп кете алады. Кейін сол заттар мұқтаж студенттерге таратылады. Киімнен бөлек, ойыншықтар, тұрмыстық техника, спорт жабдықтары да бар. Дүкенді ашуда «Көмек» еріктілер қозғалысы жетекшілік еткен. Мекенжайы: әл-Фараби, 71/21.

«ҚАЙЫРЫМДЫ ІС ЖАСА» ҚОЙМАСЫ

«Делай доброе дело» қоймасы жағдайы төмен отбасыларға көптен

бері қол ұшын созып келеді. Ұйымдастырушылар жұмыстарын толық заңды түрде жүргізеді. Есеп-қисап, істелген жұмыс туралы есеп, құжаттардың бәрі бар. Қойма ұзақ мерзімде сақталатын азық-түліктерді де қабылдайды. Сонымен бірге, ең көп алынатыны — түрлі жастағы адамдарға арналған киім, аяқ-киім, ойыншықтар, кітаптар, гигиеналық заттар, тұрмыстық техника. Әкімшіліктің айтуынша, қолданысқа жарамайтын заттар тексерістен өтпейді. Мекенжайы: Абай даңғылы, 526, №105 мектептің жанында, 6-қабат.

«МЕЙІРІМДІЛЕР КЛУБЫ» ҰЙЫМЫ

Бұл ұйымның ашылғанына үш жылға жуық уақыт болған. Бүгінде еліміздің бірнеше қалаларында филиалдары бар. Мұнда еріктілер жиналып, әрқайсысы өзіне бір отбасыны бекітіп алады. Тіпті бір басына бірнеше жаңыны алып жүретіндер де бар. Яғни, ерікті өзі алған отбасыны қажет заттармен қамтамасыз етеді. Клубтың ережесіне сәйкес, жағдайы төмен отбасыларға азық-түлік, заттар мен киімдер таратылуы тиіс. Ақша жиналмайды, киви-әмиян да жоқ. Бірақ бөлек акциялар ұйымдастырылып тұрады. Олардан түскен қаражат қайырымдылық мақсатта жұмсалады. Мекенжайы: Абай даңғылы, 109А, Time safe және Қазыбек би, 22, 121-кеңсе, Grand Education.

Жадыра АҚҚАЙЫР



